# ЖАС ҚАЗАҚ

ISSN 2074-899X

№29
(653)
21 шілде
2017 жыл

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ


ТҮЙТКІЛ

Асқарбек нағашымның үйелмелі-сүйелмелі бес баласы бар. Сүп-сүйкімді. Қазақ ауылында өскен соң тілі қазақша сынған. Өмірінде тірі орыс көрмеген балалар. Көкшетау қаласына Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданынан көшіп келді. Тіршілік ыңғайымен. Әуелі баспана уайым болған. Ат төбеліндей жер сатып алды. Үй салмақ. Екінші уайымы да үйдей. Әлгі бес баланың төртеуін мектепке орналастыру қамы. Жаңа оқу жылы да таяп қалды.

Әуелі облыс орталығында ежелден жұмыс істейтін №3 қазақ орта мектебіне барып көрген. Сөйтсе, қазір баланды мектепке беруің үшін сол шағынауданның тұрғыны болуың шарт екен. Ал Васильковка шағынауданындағы №17 мектепте Асқарбектің айналайындарынсыз-ақ бала жетіп артылады. Биыл бірінші сыныпқа 700-ге жуық жеткіншек барғалы отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

# КӨКШЕТАУ. МЕКТЕП КЕРЕК

2 ПАРАНЫҢ КӨКЕСІ

4 ТАБИҒАТТЫҢ ҚУАТЫ

5 ДІНИ САУАТСЫЗДЫҚ САН СОҚТЫРАДЫ

12 КҮЙ – ӨНЕРДІҢ ТӨРЕСІ


onthewebJASQAZAQ.KZ

ОҚШАУ ОЙ

# ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАДІРІ

*Қазір XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Біз екі қоғамды көрдік. Өзіміз сенген наным-сеніміміз түбегейлі өзгеріп бара жатыр. Жасыратыны жоқ, комсомол да болдық, пионер де болдық. Қазақтың табиғаты, болмысы, ұлттың болашағы туралы ойланатын уақыт келді. Себебі бүгін адамзат баласы XXI ғасыр жаһандану кезеңінде ақпараттың, яғни хабар-ошардың тасқынының астында қалдық.*

(Толығырақ 3-бетте)

АРПАЛЫС

# АЩЫ СУДЫҢ АЗАБЫ

*«Анашым, сен өзіңе-өзің көмек бермесең, біз саған ешқандай көмектесе алмаймыз. Өз өмірің – өз қолыңда. Мүмкін осында біржола өзгеріп шығарсың? Сен бізге өкпелеме» – деп Сағыныштың (аты өзгертілген) екі қызы анасынан кезек-кезек кешірім сұрайды. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, дүниеге әкелген қос перзенті анасын бес ай бұрын емдеу орталығына тастап кетіпті.*

(Жалғасы 7-бетте)

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent) 49,73

RUB 5,52

DOLLAR 326.02

EURO 375.87

COM 4.22

АЛТЫН (ун.) 1236,20

БІЗДІҢ СҰХБАТ

# «Қазақтың әні – қалтамдағы толқұжатым!»

*Өнерді күнкөрістің, пайда табудың жолы ретінде ұстанудан алшақ болу керек. Нағыз өнер ол түбі тереңде жатқан – асыл қазына. Бұрынғы халық әншілерінің аманатына қиянат жасамай, жұртқа жеткізу нағыз еңбек. Талант тарланы халықтың сараптамасынан өтіп, жүрегіне жететіндей дәрежеде айта алуы – басты талап. Ол кез келген өнер адамының міндеті. Ары қарай халық өз бағасын береді. Ең алдымен ән – өнер, ол – халық мұрасы.*

(Толығырақ 9-бетте)

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Семинар

***Алматы облысындағы Көксу ауданының Мәулімбай ауылындағы «Кең дала» шаруа қожалығының қант қызылшасы алқабында тәтті түбір өсірудегі жаңа технологияның артықшылығы мен мүмкіндігін саралаған семинар өтті. Оған аудандағы осы дақылды өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарының жетекшісі, ауыл шаруашылығы саласының және облыстағы қызылша тұқымын өсіріп, жерсіндіру мақсатында жұмыс атқарып отырған шаруашылықтың мамандары қатысты.***

# ТҰҚЫМ ТАЗА, ӨНІМ МОЛ

Семинарда «Август – Қазақстан» ЖШС-нің егістік дәрілері туралы ақпарат беріліп, «Қамқор» ЖШС базасында украиндық «Ялтушковская односемянная – 30» отандық тұқымының өнімділігі туралы айтылды.

Егістік дәрілерінің түр-түрін өндіретін ресейлік Avgust кәсіпорны бүкіл әлемге танымал. Гербицид, десикант және дэфолиант, тұқым улағыш, адъювант, фунгицид, инсектицид өндіретін кәсіпорынның бөлімшесі біраз елде жұмыс істейді. Содан кейін де олар Орталық Азия елдеріндегі шаруашылықты арам шөптен, зиянкестен қорғау мақсатында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп келеді.

Біздің елде бұл кәсіпорын «Август – Қазақстан» ЖШС деген атпен белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы жұмысын бастаған олар бүгінде жетісулықтарға жаңа тәжірибе таныстырып, мол өнім алу үшін барынша қолдау танытып келеді. Әсіресе, қант қызылшасын өсірумен айналысатын Алакөл, Сарқан, Ақсу, Ескелді, Көксу аудандарындағы шаруа қожалықтарымен бірлесе отырып атқарған жұмысы жеткілікті. Семинарда «Август – Қазақстан» ЖШС-нің директоры Виктор Михаил мен менеджер-технолог Ерлан Бекбайұлы егістік дәрісін қалай қолдану керектігін түсіндірді.

Жалпы, «Август – Қазақстан» ЖШС осымен екінші жыл «Кең дала» шаруа қожалығымен бірлесе отырып жұмыс жүргізуде. Өткен жылы шаруа қожалығының 7 гектар қызылша алқабына сынақ жүргізіпті. Жаз бойғы еңбектің нәтижесінде аталған шаруа қожалығы қант қызылшасының гектар берекелілігін 500 центнерден асырыпты. Биыл Францияның «Ардан», немістің «Грим» тұқымын егіп, қант алқабын жайқалтып өсіріп отырған шаруа қожалық гектар түсімін 700 центнерге жеткізбек. Сондай-ақ «Кең дала» шаруа қожалығының жетекшісі Қалибек Алпысбаевтың айтуынша, аталған шаруашылық биылдан бастап отандық қант қызылшасының тұқымын өсіруді

жасалған түрлі қолдаудың нәтижесінде жеттік. Тек әр қамқорлықтың қайтарымы болуы керектігін естен шығармаған дұрыс. Кезінде отандық қызылша тұқымын өсірем дегенде күле қарағандар көп болды. Іздендік, тәжірибе алмастық, ғылыми-зерттеу жүргіздік, соңында мақсатқа жеттік. Елбасының тапсырмасымен отандық өнімді қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның көмегі көп болды.Ендігі мақсат –берері мол бағдарлы істі одан ары дамыту», – дейді.

Расында, отандық тұқымды қолданатын кез келді. Тіпті отандық өнімді қолданудың пайдасы да мол. Алдымен бағасы арзан, сосын сатып алынған тұқымға демеуқаржы төленеді. Ең бастысы, «Қамқорлық» ЖШС өз өнімін еккен шаруа қожалықтарымен жыл бойы бірлікте жұмыс істейді. Сондай-ақ «Қамқорлық» және «Август – Қазақстан» ЖШС-ы арасында бірлесе жұмыс істеу туралы келісім бар. Демек, отандық тұқымды қолданған шаруашылық бір жағынан шығынын азайтса, екінші жағынан жаңа технологияны қолданудың жолын меңгереді. Бұл отандық тұқымға деген бетбұрысты жақсартпақ.

Туризм

***Алакөлдің екінші жағалауын бойлай құлашын кең жайған Шығыс Қазақстан облысындағы Үржар ауданының әкімі Серік Зайнулдин бастаған 30–ға жуық жергілікті билік өкілдері тәжірибе алмасу және өлкенің озық идеясымен танысып қайту мақсатында Алматы облысына арнайы ат басын бұрды.***

# ЖАҒАЖАЙ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Алқалы топ алдымен жақында ашылғалы отырған Үшарал әуежайын аралап, бүгінгі жағдайымен танысты. Сәні мен сәулеті жарасқан ғимаратты түгелдей шарлап шыққан С.Зайнулдин таңдай қағып, таңданысын жасыра алмады.

– Туризм саласының жүйелі түрде дамуына өлшеусіз үлес қосып, ауданның экономикалық өсуіне үлкен серпін берері сөзсіз, – деп қызығушылық танытты.

Сағатына 50 адамға қызмет көрсететін жобаның құны 889,1 млн теңгені құрайды. Заманауи жабдықпен қамту мақсатында ұшақтың ұшып-қону жолағы қайта жаңғыртылып, әуе қозғалысын ұйымдастыруға ең қажетті деген радиотехникалық және метерологиялық құрал-жабдық алынған. Әуежайдың жалпы жер аумағы 12 гектар. Бастапқыда «Астана – Үшарал – Астана»,

«Талдықорған – Үшарал – Талдықорған» бағыты бойынша қатынайтын авиарейске облыстық және республикалық бюджеттен субсидия бөлініп отыр. Жолаушыларға «Жетісу» авиакомпаниясы қызмет көрсетеді. Әзірге 13 адам жұмыспен қамтылып, болашақта қызметкер саны 25-ке дейін көбейеді деп жоспарлануда. Әуежай ғимараты заман талабына сай жабдықталған. Жолаушыларды тексеру аппараты, күту залы, ана мен бала бөлмесі, дәрігерлік көмек кабинеті, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен зағип жандарға арнайы төселген жүру жолы, буфет, ақша айырбастау орындары орналасқан. 2016 жылдың 7 қыркүйегінде басталған құрылыс жұмысы толықтай аяқталған. Бас мердігер ACD GROUP ЖШС-і компаниясы. Әуежайдың лентасы шілде айының басында қиылмақшы.

«Қонақ келсе, қой егіз табады» демекші, дәл осы күні демалыс саябағының екінші кезеңінің ашылу салтанаты өтті. Үшарал шаһарының көркіне көрік қосып, келбетімен тамаша үйлесім тапқан саябақтың бірінші кезеңі Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай да қуаныш сыйлау», – деп жиналғандарды айтулы күнмен құттықтап кетті.

**С.ЗАЙНУЛДИН,** *Үржар ауданының әкімі:*

*– Шаһардың мерейін, мәртебесін өсірер әуежайдың жұмысы басталар мерзім де жақын қалды. Бұл кез келген ауданға бұйыра беретін бақыт емес. Ал бүгін көркіне көзің сүрінер саябақтың ашылу салтанатына қатысып отырмыз. Шынына келсек, өте керемет жоспарланып, іске асырылған жоба екендігі көрініп тұр. Бұның барлығы қарапайым халықтың қамы үшін ерінбей еңбек етіп жүрген Әлібек Жақанбаев мырзаның арқасы, – деп ізгі тілегін жаудырды.*

Барлығы үш бөліктен тұратын саябақтың екінші кезеңі Дулепов даңғылын жағалай Жеңіс және Қабанбай батыр көшелерінің ортасынан орын тепті. Еркіндікті сипаттайтын қыран, заңғар биікте ғана мекен ететін тау арқары мен махаббат пен іңкәр сезімнің белгісі ретінде қыз бен жігіттің ескерткіші орнатылған. «Қазақстан Мәңгілік Ел» деген ұлағатты сөз жазылып, саябақтың қақ ортасынан көтерілген шаңырақ пен жомарттық, дарқандық сынды асыл қасиетті бейнелейтін тайқазан талай тұрғын мен туристерді тамсандырары сөзсіз. Айналасы жасыл желекпен көмкеріліп, шырша, қарағай егілген. Шаһарымызды аббаттандыру жолында жеткен елеулі жетістігіміздің бірі осы жер десек қателеспеспіз.

Тәжірибе алмасу және туризм саласында ынтымақтастық байланысты орнату мақсатында қолданысқа берілген болатын. Сол уақыттан бері аталмыш жер тұрғындардың сүйікті орнына айналып үлгерді.

Демалыс саябағының салтанатты ашылуында алғы сөз кезегін алған Үшарал қаласының басшысы Әлібек Жақанбаев «Құрметті алакөлдіктер, мінекей, қаламыздың келбетін ашып, сәнін еселеп тұрған саябақтың екінші кезеңінің де ашылуына қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз – соңғы бөлігінің құрылысын аяқтап, тұрғындарға тағы

арнайы келген алқалы топ артынша Ақши ауылына аттанды. Ол жақта таяу келешекте іргетасын қалауға жоспарланған қонақүй мен демалыс орындарының нобайы бейнеленген стенд қойылып, кең көлемде түсіндіру жұмысы жүргізілді. AQUAMARINE resort, «Пеликан», «Аласу» демалыс орындарын аралап, құрылысы енді басталған 4 жұлдызды Petroleum resort қонақүйінің жағдайымен танысты.

2016 жылы Алакөл жағалауына келіп демалғандардың саны 450 мыңнан асып жығылғаны мәлім. Ал биыл олардың санын 700 мыңға жеткізу жоспарланып отыр. Алматы облысының туристік бағытының бүгінгі әлеуеті инвестордың назарын көптеп аудара бастады. Оның дәлелі, былтыр облыста жеке инвестицияның есебінен 3,6 млрд теңге қаражатқа 43 туризм нысаны қолданысқа берілсе, соның 30-ы біздің еншімізге тиген. Нәтижесінде 263 жұмыс орны ашылып, инвестиция көлемі 1136,0 млн теңгеге жеткен. Бұл арқылы аудан ахуалының едәуір жақсарып келе жатқанын байқаймыз.

Тәжірибе алмасу мақсатында Алматы облысына табан тіреген азаматтар Алакөл ауданның күннен-күнге қарқынды дамып келе жатқанын айтып, таңданысын жасырмады. «Келешекте де осы беталыстан танбай, мұзарт шыңды бағындыра беріңіздер!» – деген ізгі тілек арнады.

**А.ЕСЕНБЕКОВ,**
*Алакөл ауданы, Алматы облысы*

Ауыл шаруашылығы

***Алматы облысында сүт және ет өнімін өндіру, қайта өңдеуді және экспортқа шығару үшін инвесторды тарту басты назарға алынуда. Осы тұрғыдан келгенде, Сарқан ауданында 5 асыл тұқымды ауыл шаруашылық құрылымы жұмыс жасайды.***

# ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛ – ЫРЫСТЫ

Атап айтсақ, Сарқан қаласындағы «Қазақи ақбас» асыл тұқымды ірі қара малын өсіретін «Арлан» шаруа қожалығында *(басшысы Қайратбек Бершімбеков)* 512 бас асыл тұқымды ірі қара, оның ішінде 320 бас сиыр бар. Қойлық ауылында орналасқан «Сарқан Агро» ЖШС-нің *(басшысы Төрехан Елдібаев)* қарамағында 400 бас «Қазақи ақбас» және 212 бас «Әулиекөл» асыл тұқымды сиыр өз төлі есебінен көбеюде. Алмалы ауылдық округіндегі «Жабы» асыл тұқымды жылқыларымен айналысатын «Жұмағали» шаруа қожалығында *(басшысы Жұмағали Егемен)* 370 бас жылқы, оның ішінде 120 бас бие бар. Амангелді ауылдық округіндегі «Еділбай» асыл тұқымды қой өсірумен шұғылданатын «Айдар» шаруа қожалығының *(басшысы Айдар Барлыбаев)* қарамағында 1227 бас қой бар, оның ішінде 940 басы саулық қой.

Ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Лепсі ауылдық округіндегі «Гемпшир» асыл тұқымды қой өсірумен айналысатын «Көктем» шаруа қожалығының тыныс-тіршілігіне кеңінен тоқталды. Шаруа қожалығының қарамағында

2000 бас қой бағылса, оның ішінде 1141 басы саулық. Қазіргі таңда шаруа қожалығының басшысы Раушан Садырбаева «Гемпшир» және «Суффольк» ет бағытындағы асыл тұқымды қойды өсіру және көбейту жолымен шұғылдануда. Осы «Көктем» шаруа қожалығының базасында «Гемпшир» асыл тұқымды қойды бағу мақсатында 66 шаруа қожалық бірігіп, «Қойлық» кооперативті құрылып, заңдастырылды. Аудан бойынша ағымдағы жылдың 1 маусымына 55,2 мың бас ірі қара, 148,5 мың бас қой мен ешкі, 16,6 мың бас жылқы, 329 бас түйе бар.

Бүгінгі таңда аудан бойынша 19 кооператив әділет басқармасынан тіркеуден өткен. Оның ішінде жетеуі егін шаруашылығымен, сегізі мал шаруашылығымен, үшеуі аралас ауыл шаруашылығы (егін және мал) саласымен және біреуі ауыл шаруашылық қызметін көрсетумен айналысады. 2017 жылы округ әкіміне сүт дайындау жоспары беріліп, бүгінгі күнге 201,4 тонна сүт «Ақ бұлақ Продукт» ЖШС-не және «JLC сүт» ЖШС-не өткізілді.

Сарқан ауданы бойынша бүгінгі күнге ауыл шаруашылығы саласында 1500-ден астам

агроқұрылым жұмыс істеуде. Аграрлық аудан болғандықтан, барлық өндірілетін өнімнің 85 пайызын ауыл шаруашылық саласы беріп келеді. Сөзіміз жалаң болмас үшін цифрға жүгінейік. 2017 жылы аудан бойынша барлық егістік көлемі 95,5 мың гектар алқапты құрады. Атап айтқанда, дәнді дақыл 49,1 мың гектарды, майлы дақыл 35,8 мың гектарды, қант қызылшасы 1600 гектарды, картоп 912 гектарды, көкөніс 641 гектарды, бау-бақша 118 гектарды алып жатыр. Сонымен қатар 6,7 мың гектарға көпжылдық шөп, 591 гектарға дәрілік шөп себіліп, орта мерзімді бағдарлама жоспары жүйелі орындалу үстінде.

2017 жылы тамшылатып суару 320 гектар жерге, ылғал сақтау технологиясы 8900 га жерге, интенсивті технология 6700 гектар жерге қолданылды. Өндірілген өнімнің сапасын арттыру мақсатында қазіргі кезде ауданымызда ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтаса жұмыс істелуде. Ұзақ жылғы ізденістің нәтижесі де бар. Ауданда «Тұқым шаруашылығы статусын» алған 3 шаруа қожалығы ел игілігіне жұмыс атқаруда. Нақтылап айтсақ, «Абдрахимова» шаруа қожалығы *(I, II, III репродукция)* майлы және дәнді дақылдың тұқымын өсірумен, «Самал» шаруа қожалығы мен «Душкин С.Н» шаруа қожалығы арпаның тұқымын өсірумен айналысады.

Ауданның ауыл шаруашылық бөлімінің мамандары дақыл өнімділігін жоғарылату мақсатында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына 3,2 мың тонна минералды тынайтқышқа сұраныс беріліп, бүгінгі күнге оның 1487,8 тоннасы сатылып алынғандығын әңгімеге арқау етеді. Көктемгі дала жұмысын жүргізу үшін Сарқан ауданына 2453 тонна арзандатылған жанар-жағармай бөлінген. Жеткізуші операторы ретінде «Қарамай Продактс» ЖШС-гі белгіленді. Алматы облысы ауыл шаруашылығы басқармасы, «Қарамай Продактс» ЖШС-гі және Сарқан ауданы әкімінің араларында үшжақты меморандумға қол қойылып, дала жұмысының іркіліссіз жүруіне жол ашылды.

Елбасының облысқа жасаған сапарындағы тапсырмасына сәйкес қант қызылшасын өндіру көлемін еселеген сарқандықтар мемлекеттік қолдау шарасын айқын сезініп келеді. Аудан бойынша қант қызылшасын өндірумен айналысатын 4 сервистік дайындау орталық құрылып, жұмыс жасауда. Ағымдағы жылы осы сервистік дайындау орталығына жетіспейтін техникаға сұраныс жіберілді. Тәтті түбірді өндірушілер үшін минералды тыңайтқыш шығыны 50 пайызға дейін, гербицид 40 пайызға, тұқым шығыны 70 пайызға дейін, суармалы су жеткізуге байланысты шығынның 50 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланады. Осындай мүмкіндіктен кейін ежелден қант қызылшасына маманданған шаруа атакәсібіне қайта оралуға мүдделі.

– Ауданның ауыл шаруашылық техника паркін жаңарту мақсатында жыл басынан 14 ауыл шаруашылық техникасы сатып алынды, – дейді Сарқан аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Нұртілеу Төлеуұлы. – Оның ішінде 12-сі «КазАгроҚаржы» АҚ-ы арқылы, 2-еуі шаруашылық құрылым өздерінің қаражатына алынды.

Иә, Сарқанның ауыл шаруашылық құрылымының тамырына қан жүгіріп, мал басының да, егістік көлемінің де жыл сайын артып келе жатқандығы «келер күнге» деген сенімімізді нығайта түседі. Шаруада істі ілгері бастыруға жігерлі ынта бар, үкіметте аграрлық саланы өркендетуге ықылас бар, ауыл тұрғындарында бірігіп еңбек етуге де құлшыныс пен ынтымақ басым. Ендеше, істің көзін тауып, қара жердің қайтарымын еселеуге ниет танытатындардың сапы нығая береріне сеніміміз кәміл.

**Бетті дайындаған**
**Қажет АНДАС,**
*Алматы облысы*

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Тіршілік көзі

**Өткен жылы Алматы облысындағы Сарқан ауданындағы елді мекендерде каналды тазалау жұмысы қарқын алды. Сол қатарда Қарабөгет ауылдық округіне қарасты Р-2, Қаражырық, Асау каналдары тазаланып, жұрт игілігіне асырылғаны анық. Бұл жайлы ауыл әкімі М.Кәріпжанов әңгімелеп берді.**

# СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Ауылдағы ағайын көктемгі егіс жұмысына білек сыбана кірісті. Оны «Абылқасымов» шаруа қожалығының егіс танабындағы қызу науқаннан сезіндік. Қаз-қатар тізілген трактор жерді ылғал сақтау мақсатында 20 см терендікте жыртып, түсер дәнге дайындық жасап жатыр. Арпа, көпжылдық шөп, мақсары, майбұршақ өсірумен аумаққа танымал шаруашылық биыл 60 гектар жерге тәтті түбір себуді межелеп отырған көрінеді.

«Түсінік» тоғанының басында атқарылып жатқан жұмысқа да көңіл аударылды. Осы тұста аталған суландыру жүйесін «Макетов» шаруа қожалығы өз қаржысымен қажетті техника жалдап, тазалатып жатыр екен. Ұзындығы 14 шақырымды құрайтын тоғанның жартысынан астамы құм-қайырдан тазаланған. Бұл міндетті мойнына алған «Техноавтосервис» ЖШС-нің ұзын мойынды қуатты қос экскаваторының метрін тазалауға 750 теңге көлемінде келісімге келгенін жеткізді. Шаруаның басында жүрген аудандық су бөлімінің басшысы Ермұхан Елубеков мекеме тарапынан атқарылып жатқан жұмыс туралы баяндап, болашақта «Түсінік» тоғаны арқылы суарылатын жерді картадан көрсетті.

Терендеген өзекпен кідіріссіз келген мол су талай жерге жан бітіріп, өнімнің тіршілік нәрінен тарықпауына септесері сөзсіз.

Отандық өнім

**Алматы облысы Жаркент өңіріндегі «Қамқорлық» ЖШС еліміздегі тәтті түбір тұқымын өндіріп жүрген жалғыз шаруашылық. Бүгінде серіктестік жетекшісі Әлен Жолдасов Қазақстан егіншілік ғылыми-зерттеу институтымен, басқа да шетелдік ғалымдармен тығыз байланыс орнатып, тұтынушы талабына барлық жағынан жауап бере алатын қызылша тұқымын өсіруге ден қойды. Қазірше бұл шаруашылықтың өндірісінде отандық ғалымдар шығарған «Қазсиб» атты қант қызылшасының бір ғана тұқым түрі бар. Өкінішке қарай, еліміздің егіншілері өсірген тәтті түбір тұқымының көпшілігі шетелдерден алынады. Олардың бағасы удай қымбат. Шетелдіктерден еш кемдігі болмаса да «Қамқорлық» ЖШС өсірген тұқым бағасы бірқалыпты және он есе арзан. Осындай жағдайда бәсекелестік бәйгесіне түскен бұлар өсірген тұқымға елімізде сұраныс ауқымы жыл өткен сайын артып келеді.**

# УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН...

«Көктемде бір уыс, күзде көп ырыс», – дегендей, жаркенттіктер өндірген тұқымды жоғары бағалап, жақсы істің жанашыры болып жүрген отандастарымызға шаруашылық еңбеккерлері дән риза. Әсіресе, Көксу, Ақсу, Сарқан, Ескелді, Алакөл аудандарында және көршілес Жамбыл облысындағы Меркі, Байзақ, Шу аудандарындағы өңір басшылары мен тәтті түбір өсіруге маманданған шаруа қожалықтары өздерімен тығыз байланыс қалыптастырғанына көңілдері хош. Өткен жылы өндірген өнімнің 60 пайызын Жамбыл, 20 пайызын Оңтүстік Қазақстан облысы, қалғанын өз облысымыздың қызылша өсіруші шаруалары алып, сапалы, мол өнімге кенеліпті.

Өткен жылы «Қамқорлық» ЖШС еңбеккерлері 10 гектар алқапқа Украина ҒЗИ ғалымдары шығарған бір дәнекті «Ялтушковская-30» *(6 гектар)* және отандық ғалымдарымыз жасаған «Қазсиб-14» *(4 гектар)* элиталық қызылша тұқымдарын өсіріп, жалпы 10 тонна таза, сапалы қант қызылшасының тұқымын жинады. Жаркент жерінде өндірілген бұл тұқымдар өз облысымыздағы 65 жеке шаруашылық қожалығында, оның ішінде Сарқан ауданындағы Гүлбану Молдажарова жетекшілік ететін «Аманжол» жеке шаруашылық қожалығы, Ақсу өңіріндегі Ермау Сейтеш жетекшілік ететін «Жарболды», Мұхит Таласбаев басқаратын «Қабырғатал» ӨК сияқты ірі өндірістік орындарда өсіріліп, жоғары нәтижесін берген. Мұндай дәйектерді Жамбыл облысынан да көптеп келтіруге болады.

Қант қызылшасының сапалы тұқымын алудың ең басты талабы – өндірілген аналық тұқым материалын қыстан суыққа ұрындырмай аман алып шығу. Бұл бағытта серіктестік осы күнге дейін белгілі тәжірибені оңтүстік өлкеде сынақтан өткізді. Бұл бағыттағы тынбай тәжірибе жасаудың нәтижесінде соңғы бірнеше жылдан бері аналықты сенімді сақтаудың жолын тапты. Сыйымдылығы бір миллион аналық материал сақтайтын жертөле қоймасын жасады. Онда өткен жылы көшетсіз 7 гектар алқапқа егілетін 350 мың аналық материалды сәтті қыстатты. Бұдан басқа тағы бір тиімді әдіс – далада арықтарда *(бораздалық)* көму әдісімен қалған алқапты аналық көшетпен қамтамасыз ететін тұқымдық материал дайындап жүр.

– Кез келген өндіріс орнында білікті маман, ынталы еңбек адамдарынсыз жетістікке жету мүмкін емес. Бұл орайда шаруашылығымыз құрылған алғашқы сәттен еңбек ететін жоғары білімді ғалым-агроном Ақын Оймауытов, тұқым өсірудің қыр-сырын меңгерген тәжірибелі жұмысшыларымыз Шекер Мұхаметжанова, Бақытгүл Құдайбергенова, Маржан Алымжанова, механизаторларымыз Талғат Шукеев, Алпысбай Бексұлтанов шаруашылық берекесінің алтын діңгегі дер едім. Арамызда «Алтын алқалы» ана Зейнеп Сыдықова сынды мақтанышымыз да бар. Біз бүгін мектеп қабырғасында отырған жеткіншекті өз ауылындағы өндіріс орнымен танысып, оның жұмысының сырын меңгеруіне жол ашып отырмыз. Ауылымыздағы Үлкеншыған орта мектебіндегі Гүлнар Тазабекова жетекшілік ететін сыныпқ оқушыларымен тығыз байланыс жасап, жастардың біздің өндіріспен терең танысуына кең жол аштық. Оқушыларды жазғы демалысында алқапқа апарып, ақылы жұмыс беру арқылы еңбекке баулимыз, – дейді серіктестік басшысы.

Осыдан он үш жыл бұрын құрылған шаруашылық негізгі бағыты – қант қызылшасының элиталық тұқымын өсіруді таңдағанымен, жылдар өтіп өндірістік қуаты артқан сайын ауыл шаруашылығы өнімін өндіріп, табыс табудың басқа да жолын жетілдіріп келеді. Серіктестіктің өз МТС бар. Ондағы техникаларды өз өндірісінде пайдаланумен қатар көктемгі егін егу, күзгі жиын-терін науқанында өңірдегі басқа шаруашылыққа қызмет көрсету арқылы табыс табуға жұмсайды. Шаруашылыққа жерімен біріккен қожалықтардың жерін жыртып, егінін егіп, өнімін жинап көмек көрсетуге де көп септігі тиеді. Өздері де азын-аулақ бидай, жүгері өсіреді. 2011 жылдан бері Ресейден өсімдік майын сығатын қуаттылығы жоғары агрегат сатып алып орнатып, мақсары *(сафлор)* өсіруді қолға алды. Соңғы үш жылда мақсарыдан жоғары өнім жиналып, өз цехында ұқсатылуда. Алдыңғы жылы Ресейден ағаш тілетін қуатты ара сатып алып, ауылдастарының құрылыс материалдарына деген сұраныстарын қанағаттандыру арқылы қосымша табыс алуда. Сол сияқты Қытайдан қоспажем тартатын шағын зауыт жабдықтары әкелініп, іске кірісті.

Қазір тұрмыс-тіршілігі түзелген ауыл тұрғындары жаңа үй салып, заман талабына сай өмір сүруге ынтық. Бұл орайда бау-бақшаларына терек, тал өсіріп, оны құрылыс материалына пайдаланғысы келетіндер көп. Олар бұрын ағаш тілдіру үшін Жаркент қаласындағы кәсіпорындарға сабылатын, енді іргеде, өз ауылында Әленнің кәсіпорны қызмет көрсетуге дайын. Сол сияқты мал бордақылап сататын ауылдастарына да жем тартатын шағын зауыт қолайлы болып тұр. Бұл зауыт кәсіпкердің қой бордақылау алаңындағы малының өзіндік құнын арзандатуға да көп көмек жасауда.

Кәсіпкердің өзінің өндіріс орнының салаларын көбейте түсуді ойлап жүргенін байқадық. Бұған дәлел, ол көпжылдық шөп егіп, оның тұқымын дайындауды қолға алды. Серіктестік соңғы үш жылда Қазақ ғылыми-зерттеу институты ғалымдарымен бірлесіп жоңышқаның «Жетісу» сұрыбын Жаркент өңіріне жерсіндіру ісін жолға қойды. Биыл жоңышқаның осы сұрыбын 7 гектар жерге өсіріп, одан күзде 2 тоннаға жуық таза тұқым жинады.

Қоғамның сұранысы мен уақыттың үрдісімен үндесу – кәсіпкер жетістігінің басты кепілдігі. Біз тек өндірісінің өсу үрдісін әңгімемізге арқау етіп отырған Әлен Жолдасов осы қағиданы ешқашан қаперінен шығармайтын азамат.

Жәрмеңке

**Астана қаласының төрінде «ЭКСПО –2017» халықаралық көрмесіне орай ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат – Елорда тұрғындарын экологиялық жағынан таза әрі бағасы базардағыдан әлдеқайда арзан ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету. Жәрмеңкеге Алматы облысының аудандары мен қалаларының, сонымен қатар Солтүстік Қазақстан мен Атырау облыстарының өнім өндірушілері қатысты.**

# БЕРЕКЕЛІ ЕЛДІҢ ТАРТУЫ

Жетісулықтар Астана тұрғындарына азық-түлікпен қоса, ән-күй де ала келді. Концерттік қойылымда нешетүрлі ән-күй орындалып, халқымыздың музыкалық мол мұрасын жарқырата таныпты. Онда өнерпаздар бар өнерін ортаға салып, мың бұрала би билеп, әуелете ән шырқап, Елорда төрін ән-думанға бөледі. Халықтың көңіл-күйі көтерілген сайын сауда көрігі қызып, тауар өтімділігі де арта түсті. Жұрт өзгеше құрмет пен ыстық ықылас, ерекше ілтипат танытумен болды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, екі күнге созылған жәрмеңкеге жалпы аймақтан төрт мың тоннадан аса өнім жеткізілген. Негізінен, онда балғын көкөніс пен жеміс-жидектің түрі көп болды. Мәселен, жеткізілген өнімнің 2861 тоннасы көкөніс, 930 тоннасы жеміс-жидек, қалғаны бал мен басқа өнім. Алыстан ат терлетіп жеткен жетісулықтар арнайы белгіленген орындарда сөресін жайып, жұртшылыққа өз тауарын тиімді бағада ұсынды. Онда ет-май, сүт, көкөніс және өзге де тұрмыстық өнім мол болды.

Аудандардан жеткізілген қой, сиыр, жылқы және шошқа еттері сауда сөресіне лықа толып, өз алушысын тапты. Қазы-қарта мен жал-жаяға да сұраныс аз болған жоқ. Қайта өңдеу кәсіпорындарында дайындалған шұжық пен сүт өнімдері және ас атасы – нанның да небір дәмдісі ұсынылды. Әсіресе, дәмі тіл үйірер жеміс-жидек пен көкөніс түріне, бау-бақша дақылдарына сұраныс көп болды.

Жалпы, азық-түлік өнімдерін сатып алуға келгендер сөреден өз іздегенін тапты. Сатушылар да сапалы қызмет көрсетіп, ел ризашылығына бөленді. Тұтынушылар базар тарқағанша толастаған жоқ. Артынып-тартынған астаналықтар мен қала қонақтары мұндай игілікті іске қызығушылық танытып, керек-жарағын түгендеп алды. Жалпы, бұл жәрмеңкеде барлығы 936 миллион теңгенің саудасы жасалды.

Қайта өңдеу

**Елімізде жыл сайын 100 мыңнан астам көлік дөңгелектері жарамсыз қалып, олардың басым бөлігі қоқысқа лақтырылады. Осы олқылықты жою үшін кәсіпкерлер Алматы облысында шинаны қайта өңдейтін зауытты іске қосты.**

# ЖАҢА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аталған зауыт 1 жылда 6 мың дөңгелекті қайта өңдеп шығара алады. Ол жерден шыққан өнім балалар алаңының төсенішіне, газонның астыңғы қабатына төселеді. Бұдан бөлек, мамандар ұнтақталған шинаны тасжолдың құрамына қосуды көздеп отыр. Бұл барлық елде қолданылатын тәжірибе. Қазір еліміз бұл қоспаны Ресейден импорттап отыр. Ал зауыттың іске қосылуымен бұл керек-жарақты енді өзімізде өндіруге болады. Көрші елден келетін өнімнің тоннасы 120 мың теңге болса, өзіміздің өнім 80 мың теңгені құрамақ.

Айта кетейік, еліміздегі республикалық маңызы бар тасжолдардың ұзындығы 23 мың шақырымды құрайды. Ал «Қазавтожол» мамандарының мәліметі бойынша, соның тек 8 мыңы ғана қанағаттанарлық жағдайда. Бұл зауыттан шыққан өнім арқылы жыры ұзаққа созылған жырым жолдардың жағдайын түбегейлі реттеуге болады екен.

– Тұрғындардан дөңгелектерді өзіміз барып алып кетеміз. Сөйтеміз де, осы жерде оны кесіп, ұнтақтап басқа қажеттерге жаратамыз. Бұл барлық елде бар тәжірибе. Кей азаматтар шиналарды сатамыз дейді. Алайда ол дұрыс емес. Өйткені барлық елде дөңгелекті осындай зауыттарға бергені үшін азаматтардың өздері ақша төлеулері тиіс. Бірақ біз ешкімнен ақша талап етпейміз. Барлығы тегін, – дейді Аңсар Оңалбаев Шина өңдейтін зауыт директорының орынбасары.

Елімізде лицензиясы бар дөңгелекті утилизация жасайтын 10-ға жуық зауыт бар екен. Алайда олардың барлығы шағын. Жаңа зауытта зауытта 70 адам қызмет істейді. Алдағы уақытта олардың саны көбеюі мүмкін. Себебі зауыт өзінің қуаттылығын екі есе арттыруға бел буып отыр.

**Бетті дайындаған Қажет АНДАС,**
*Алматы облысы*

12 ЖК
www.jasqazaq.kz
АЙНА
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
САПАЛЫ БІЛІМ АЛУҒА ШАҚЫРАДЫ
AL-FARABI UNIVERSITY SMART

ҚазҰУ-ға оқуға түс те XXI ғасырдың таңдаулы мансабына қол жеткіз!

● 15 факультетте 82 мамандық бойынша жоғары білім (бакалавриат) алу, магистратура мен PhD докторантурада оқуды жалғастыру мүмкіндігі бар. Оқу үш тілде: қазақша, ағылшынша, орысша жүргізіледі.

● Жоғары және арнайы орта білім негізінде білім алу. Оқудың түрлері: күндізгі, сырттай және қашықтықтан оқыту.

● Гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттары бойынша жоғары сынып оқушыларына арналған университеттің жаңа бейіндік мектебі бар.

● Үздіксіз білім беру жүйесі: бейіндік мектеп, колледж, бакалавриат, магистратура, PhD докторантура – сәттілікке бастар жол!

● Университеттік кампуста заманауи оқу ғимараттары, ғылыми инфрақұрылым, кітапханалар, интернет-орталық, тамақтану орындары, спорт кешені, кинотеатр, "Керемет" студенттерге қызмет көрсету орталығы, Студенттер сарайы, әскери кафедра, бассейн, «Жас ғалымдар үйі» бар.
Студенттерге ыңғайлы жатақханалардан орын беріледі.

Қабылдау комиссиясының мекенжайы:
Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
Ө.Жолдасбеков атындағы
Студенттер сарайы, 1-қабат.
Байланыс телефондары:
8 (727) 221-10-00; 221-10-10; 221-11-68;
377-33-65; 377-33-66
Жұмыс уақыты:
дүйсенбі-сенбі, 9:00-ден - 18:00-ге дейін
(үзіліс 13:00-ден - 14:00-ге дейін)
Қосымша ақпарат
www.kaznu.kz сайтында

## МӘДЕНИ МҰРА

*«Рухани жаңғыру» – ұлттық құндылық пен салт-дәстүр, еліміздің сан ғасырдан бергі мәдени мұрасының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы. Осындай асыл мұраның бірі – қазақтың күй өнері. Күй – өнердің төресі. Басқа жанр сияқты емес, ұйқасы терең, әуені бөлек. Аты айтып тұрғандай, күй – адам көңіл күйінің айнасы. Сондықтан, бірде асау толқындай алаяқтап, бірде мамыражай әуезге бөленеді. Қазақтың сан өнері деп мақтану керек болса, күйден артық өнер жоқ. Тарихы сақ, ғұн заманынан басталатын төл өнердің төрі биік.*



# Күй – өнердің төресі

Күйші Біләл Ысқақовтың айтуынша, қазақтың күйінде музыкалық жүйе бар. Онда айтатын ой да бар. Мысалы, қырғыздардың күйі кішкентай мотивті мың құбылтып, қолды ойнатып, цирк жасағандай әсер қалдырады. Ол – жеңіл өнер. Эстрада сияқты. Ал қазақтың күйі өте ауыр. Домбыраның дыбысымен толғап, үлкен дастан айтқан сияқты әсер береді.

Шоқан Уәлиханов: «Келесі ғасырда домбыраның үні биік естіледі» – деген. Шынында да, домбыраның үні биік естіліп келеді. Күйді мақтан тұту керек, бұл – өнер қазаққа берілген табиғи сый. Күй – белгілі бір ойы бар, айтатын жүйесі бар, дыбыспен бір нәрсені меңзеп тұратын философиялық әуен. Күй – табиғи өнер, жасанды емес. Күйді құрауға, буындарын жалғап жасауға келмейді. Ол табиғи түрде тұтас шыққан дүние.

Домбырада 8000 күй бар. Мұндай көп қоры сақталған аспап дүниежүзінде жоқ. Осы 8000 күйді келесі ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізіп, соны ұрпақтың рухани азығы қылсақ, ол біздің жетістігіміз болмақ.

Біләл Ысқақов: «Күйші болу үшін, алдымен қазақ болу керек. Қазақтың дәстүр, салтын, ырым-жырымын – бәрін бойына сіңіру керек. Сонда ғана күйге адам кіре алады. Егер, бір дәстүрді білмесең, мысалы, атқа мініп көрмеген адам, атпен шауып көрмеген кісі жылқыны сезіне алмайды ғой. Сол сияқты, күйші болу үшін шын мәнінде, қазақы болу керек. Күй деген сөз – қазақ деген сөз» – дейді.

Қазақтың күйшілік мектебі – бірнеше ғасырдан бері үзілмей келе жатқан ұлы өнер. Арысын айтсақ, Кетбұғадан басталған, Құрманғазы мен Тәттімбетке жеткен алтын тамыр. Одан бері Нұрғиса Тілендиев, Қаршыға Ахмедияров жалғайды. Қазақ күй өнері үлкен жақтан бірнеше мектепке бөлінеді.

### ШЫҒЫСТЫҢ ШЕРТПЕ КҮЙІ

Шығыс өңірінің күйшілік дәстүрі аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Өйткені Шығыс Қазақстан *(Семей, Шыңғыстау, Шұбартау, Аягөз, Тарбағатай)*, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі *(Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтары)*, сонымен қатар Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары осы дәстүрге жатады. Бұл өңірдегі, негізінен, архаикалық үлгідегі аңыз-күйлерден тұратын күйшілік, домбырашылық өнердің тамыры тереннен бастау алады.

### ЖЕТІСУ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ

Жетісу дәстүрі Шығыс күйшілік дәстүрімен өзектес. Жер жағдайы ұқсас, Мысалы: «Аққу», «Аққудың зары», «Жеті атан – ерке атан», «Мұңлық – Зарлық», «Жетім қыз», «Жиренше шешен», «Тепеңкөк», «Шұбар киік», «Ақсақ қыз» сияқты көне күйлер ерте дәуірлерден сыр шертеді. Тамырын тереннен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бертін келе, үлкен екі мектеп қалыптасты. Бұл мектеп дәулеткер күйші-композитор – Байсерке Құлышұлы және Қожеке Назарұлы есімімен тығыз байланысты. Жетісу күйін зерттеуші, күйші Б.Мүптекеев Қожеке күйлерін тақырыптық мазмұн жағынан бірнеше топқа жіктеген.

### АРҚАНЫҢ ШЕРТПЕ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Шертпе күй саласында екі ішекті алма-кезек даралап қағу, бір ішекті бойлай шерту әдісін көбірек қолданып, жаңашыл бағыт, оқшау мектеп қалыптастырған дәстүр – бұл Арқа шертпе күй мектебі. Арқа күйшілік

мектебінің ең көрнекті тұлғасы – Тәттімбет Қазанғапұлы. Тәттімбет күйлерін терең ойға, философиялық толғамға толы шертпе күйдің үздік үлгісі деуге болады. Небары 45 жас қана ғұмырында өшпес мұра қалдырған, қазақтың күй өнерін жаңа саз, соны өрнекпен байытып, түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күй шығарған. Тәттімбеттің философиялық ой-толғамға құрылған «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Бес төре», «Азамат қожа», «Бозайғыр», т.б. күйлерін үйреніп, кейінгіге жалғастырған – өз інісі Жақсымбет, балалары Мұсатай, Исатай болған.

### ҚАРАТАУ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ

Қаратау күйшілік мектебіндегі негізгі тұлға – Сүгір Әлиұлы. Шертпе күй шебері, қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Сүгір өзіне дейінгі Тәттімбет Тоқа, күйлерін жете меңгере отырып, түр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті. Әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлын өзіне ұстаз тұтқан Сүгірдің қобыз сазын домбыра күйімен қабыстыра білуі үлкен жаңашылдық болды. Қобыздағы мұңды әуеннің Сүгір күйлерінде домбырамен астасуы күйшілік дәстүрге өзгеше рең берді. Сүгір күйлерін асқан шеберлікпен орындап жеткізуші қатарында күйші, домбырашы Төлеген Момбековтің есімін айрықша атауға болады. Ол «Қосбасар», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), «Бес жорға», «Қаратау шертпесі», «Телқоңыр», «Шалқыма», «Бозінген» сияқты күйлерді өзіндік мәнерімен орындады.

### СЫР ӨҢІРІНІҢ КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ

Сыр бойы күйлері көпке дейін қазақ музыкасы саласында аз зерттеліп, насихатталуы кемшіндеу болып келгенімен, соңғы кездері кеңінен қолға алына бастады. Белгілі жыршы, филология ғылымдарының кандидаты Б.Жүсіповтің «Жиделі Байсын күйлері» (А., 2000) деген еңбегінде осы орындаушылық мектептің күйлері алғаш жинақталып жарық көрді.

Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композитордың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін атауға болады. Олар – Мырза Тоқтаболатұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Досжан Құрақұлы.

Сыр бойы күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі Мырза Тоқтаболатұлының ғұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері – Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі күні Мырза күйшінің «Асан қайғы», «Бұғының күйі», «Баулы ешкі», «Алпыс екі Ақжелеңнің бауыр шешпесі», «Ташауыз» сияқты бітімі, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау тұрған жиырмадан астам күйлері белгілі болып отыр..

### БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КҮЙШІЛІК МЕКТЕБІ

Қазақтың күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкенің бірі – Батыс Қазақстан аймағы. Батыс күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдері Махамбет, Боғда, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Түркеш туындыларын қазақ өнерінің ғана емес, бүкіл түркі әлемі музыкасының жетістігі деп айтуға болады. Батыс күйшілік мектебінің қайнар көзінде күйші әрі жырау, батыр бабамыз Махамбет тұр. Көнеден тамыр тартқан жыраулық дәстүр өкілі Махамбеттің күйлері айбынды жырларымен сарындас болып келеді. XVIII-XIX ғасырларда Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлы – әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының аса күрделі шығармашылығы дыбыстық бояуларының қанықтығымен, алапат тегеурін, ырғақтық иірімдерінің алуандығымен ерекшеленеді.

Құрманғазының күйшілік тұлғасын, жан дүниесін толық танытатын, қуатты оттай бұрқыраған «Сарыарқа», «Төремұрат», «Кішкентай», «Серпер», «Терісқақпай», «Балбырауын» сияқты күйлерінің әркайсысы – қайталанбас, кесек туындылар. Құрманғазының күйшілік дарыны сан қырлы. Оның «Адай», «Төремұрат», «Терісқақпай», «Серпер» сияқты күйлерінен асқақ батырлық рух сезілсе, «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Айда, бұлбұл Айжан-ай», «Балқаймақ» сынды туындылары ой-толғам, сырлы сезім толғаныстарына құрылған.

Қай замандағы болмасын күй өнеріндегі ортақ сарын — азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, ел тәуелсіздігін аңсау. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ күйлері — халқымыздың ғасырлар бойы армандап, бүгінгі ұрпақ жүзеге асырған, тәуелсіздікті жақындатқан ең қастерлі құндылық.

**Жарас КЕМЕЛЖАН**

## КӨРМЕ



*«Хуанчасим» кестелеу өнеркәсібі 2013 жылы Хами (Құмыл) қаласында құрылды. Кәсіпорын ашылған уақыттан бері заманауи кестелі киім мен әшекей жасауды қолға алды. Бұл өндіріс орнына 2015 жылы 1 млн юань капитал құйылған. Ұлттық кестелеу және үй тоқымасы 8 санатқа бөлініп, 60 өнім сұрыпталып алынды. Бүгінде өндірістің көлемі ұлғаюда. Мұнда әйел мен ер-азаматқа арналған кестелі киім, той көйлегі, би костюмі, әртүрлі белдемше, жейде, кестелі бас киім, балаларға арналған киім және әшекей тігіледі. Киімнен бөлек, төсек орын, жастық, көрпе, сейсеп, төсек тысы, үй бұйымы, кәдесый тағы да басқа көптеген өнім шығарады. Бұл өнімдер Синьцзян қаласының барлық сауда орнында сатылады. Сондай-ақ шетелдік нарыққа шығаруды да қолға алуда.*

**Мекен-жайы:** Хами қаласы, Ичжоу ауданы, Яулун даму аймағы (Қытай)
**Байланыс нөмірі:** 13565708572, 13899354868,
**Тел.:** +8613565708572, +8613899354868

*Қытайдың Хотан қаласындағы «Жаньшэн» компаниясы Шыңжаңның жергілікті азық-түлік, тіскебасар, кептірілген жеміс т.б азық-түлікті сыртқа экспорттаумен айналысады. Сондай-ақ кәсіпорын адам денсаулығына пайдалы Сукманың 56 түрін сатады. Егер де қандай да бір өндіріс орны, жеке азамат әріптестік орнатқысы келсе, төменде көрсетілген нөмірге хабарласуына болады.*

*Компанияның негізгі қызметі: техника заттарын, қоймада сақтау қызметі, тасымалдау, азық-түлік өнімдерін сату.*

**Кәсіпорынның атауы:** *«Жаньшэн импорттық-экспорттық компаниясы» ООО Хотан қаласы (Қытай)*
**Заңды тұлға:** Фархад Кахар
**Мекен-жайы:** СУАР Хотан қаласы, Эрхуаньнаньлу көшесі, №41
**E-mail:** 1109747265@qq.com
**Тел.:** +18299918212; 15389923120

**Бас редактор – директор**
**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Редакция алқасы:**

**Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ**
Бас редактордың бірінші орынбасары

**Жарас КЕМЕЛЖАН** жауапты хатшы

**Ғалия ҚАЛИЕВА**
компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

**Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ –** *Астана қаласындағы меншікті тілші*
**Мадияр АРЫСТАНБАЕВ –** *арнаулы тілші*
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА –** *өнер және руханият*
**Әбдіманап КЕҢЕС –** *жастар және ғылым*
**Салтанат ШЫРЫНХАН –** *арнаулы тілші*
**Руслан ДОСТАЕВ –** *web-редактор*
**Кәмшат ТӨЛЕШОВА –** *теріші*
**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –** *web-сайт*

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қуаныш ТҰҢҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)
Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)
Мендібай СҮМЕСІНОВ – Атырау облысы (8 775 955 77 34)
Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no
Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
**Салтанат ШЫРЫНХАН**

Шығарушы:
**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары
**Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Калдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2124;
Бағасы келісім бойынша
**Айлық таралымы – 52 000 дана**

**www.jasqazaq.kz**
**E-mail: jas_qazaq@mail.ru**

***Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.***

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҮКІМЕТ

# НАҚТЫ ҚАДАМ

## АУЫР ҚЫЛМЫСҚА КЕШІРІМ ЖОҚ

**Терроризм және басқа да аса ауыр қылмыс жасағандарды азаматтығынан айыру көзделген. Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы түсініктеме берді.**

Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев Елбасының «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне оларды ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға дер кезінде қол қойғанын хабарлады. Министр аталған құжатқа сәйкес террористік және басқа да аса ауыр қылмыс жасаған қазақстандықтардың азаматтығынан айырылатынын атап өтті. Н.Ермекбаевтың пікірінше, бүгінде шетелдегі ланкестер шоғырланған лагерьде Қазақстанның 500 азаматы бар.

Олар шегіну жолдарын, соның ішінде өздерінің бұрынғы тұрған жерлеріне қайту мүмкіндіктерін іздестіруде. Алайда бұл олардың қылмыстық пиғылдарынан бас тартқанын білдірмейді.

Мұндай адамдар қылмыстық тәжірибе жинақтап, елімізге арам ниетімен оралуы мүмкін. Осыған орай, жаңа толықтыруларда азаматтықтан айыру мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Министр «Мәселе терроризм актілерін, террористік топтарды құру, басқару және оның қызметіне қатысу, сондай-ақ мемлекетіміздің ұлттық және өмірлік маңызы бар мүдделеріне аса ауыр зиян келтіру туралы болып отыр. Сот істің мән-жайын, жасаған әрекетінің ауырлығын, келтірген зардаптарын толық зерделеу негізінде ерекше жағдайларда ғана азаматтығынан айырады» – деп нақтылады.

## ОТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ КӨКЖИЕГІ

**Жаңадан құрылған «Қазақ туризм» ұлттық компаниясы туризм саласын жандандыруға қызмет етеді. Компания еліміздің туристік әлеуетін шетелдерде ілгерілетіп, инвестиция тартумен айналысады. Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының пікірінше, бізде туризм саласын дамытуға барлық мүмкіндік бар.**

Туризмді дамыту саясаты географиялық жағынан Қазақстанды тұтас қамтитын қажетті инфрақұрылымы бар 6 өңірлік мәдени-туристік кластерлерді құруға бағытталған. Атап айтқанда, «Астана – Мәдениеттердің геосаяси тоғысуы», «Алматы – Өркениеттер бесігі», «Шығыс Қазақстан – Алтай маржаны», «Батыс Қазақстан – Каспий қақпалары», «Оңтүстік Қазақстан – Ұлы Жібек Жолының жаңғыруы», «Солтүстік Қазақстан – Табиғат пен көшпенді мәдениеттің тұтастығы».

Айта кеткен жөн, «Қазақ туризм» компаниясы бастапқыда бюджеттен қаржыландырылады. Ал содан кейін өзін-өзі қаржыландыру жүйесіне көшеді.

## ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ ЖЕМІСІ

**Елімізде «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру» бірінші бағытын іске асыру бойынша нақты шаралар қолға алынып жатыр.**

Бұл туралы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Айгүл Шайымова хабарлады.

Мемлекеттік қызметті бонус таңдаулы әрі тиянақты қызметкерлер алады. Жұртшылыққа осы жаңалықты жеткізген А.Шайымова мемлекеттік қызметкерлерге жалақы төлеудің жаңа жүйесі енгізіліп жатқанын айтты. Бүгінде жалақы жұмыс өтілі мен иеленіп отырған лауазымының санатына байланысты болса, ал жаңа жүйе мемлекеттік қызметшінің қалай жұмыс істейтіндігіне және оның мемлекеттік қызметке қосқан үлесіне байланысты жалақысының көлемін саралауға мүмкіндік береді. Бонусты «таңдаулы» әрі «тиімді» қызметкерлер алады. Жалпы мемлекеттік қызметкердің қызмет нәтижесі «таңдаулы», «тиімді», «қанағаттанарлық» және «тиімсіз» секілді 4 санатқа бөлінеді.

Өзекті

# ЖЕР МЕН ЗЫМЫРАН

Торғай өңірін зымыран қалдығын тастайтын алаң ретінде пайдалану мәселесі әлі толық зерттеуді қажет етеді. Бұл – ауқымды жұмыс. Зерттеу жүргізілгеннен кейін зымыран бөлшектері құлайтын аумақтың көлемі есептелінеді. Бұл туралы үкімет отырысынан соң қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұлов журналистерге берген сұхбатында айтты.

Министр «Бұл мәселе әлі түбегейлі шешімін таппаса да жұрт арасында көп айтылып жүр. Жергілікті биліктен де мәселеге қатысты хабар келді. Шынымды айтсам, бұл 120-шы аудан деп есептелінеді бізде. Ал жердің көлемін бірден айта алмаймын. Себебі бұл әлі шешілмеген мәселе. Зерттеу жүргізіліп жатыр. Зымыран ғарышқа ұшқан кезде оның бүкіл траекториясына есеп жасап, бөлшегі қай жерге түсетінін зерттеу керек. Содан кейін зымыран бөлшегі құлайтын ауданның нақты көлемі шығады. Бұл қызбалықпен қарайтын мәселе емес. Кейбір түйткілді айтқанда, біріншіден, біз халықтың көңіліне, екіншіден, еліміздің экономикасына қараймыз», – деді. Мәселеге қатысты нақты зерттеу жұмысы жүргізіліп жатқандығын айтқан Бейбіт Атамқұлов «Жалпы бұл жағдай менің бақылауымда. Өткенде сол аудан ақсақалдарынан хат алдық. Қазір нақты зерттеу жүргізіліп жатыр. Себебі бұл үкіметтің жері. Оны «Бәйтерек» бірлескен кәсіпорны уақытша жалға алған. Бұл бағдарлама 4 жылда аяқталған соң, ол жер қайта ауданға өтеді. Ол жер қалай пайдаланып жатыр, бұған дейін қанша пайда әкелді? – деген мәселенің бәрін есептеуіміз керек. Мысалы, биылғы жарты жылда «Байқоңырды» жалға беруден 18 миллиард теңге бюджетімізге түсті. Өткен жылдың аяғында 12 миллиард түскен. Бір жылдың ішінде 30 миллиард теңге түсті. Мұның барлығы еліміздің бюджетіне түсіп, әлеуметтік-экономика саласына таратылып жатыр», – деді. Зымыран бөлшегі құлауы мүмкін деген аумақ егіндік және суармалы жер еместігін сөз еткен министр алдағы уақытта халықпен кездесуге баратындығын жеткізді. Министрдің айтуынша, көктемде, жер көгергенде мал жайылады. Мамыр айынан бастап шөбі күйіп кететін, төңірегінің барлығы тұзды жер. Б.Атамқұлов осыған орай, «Қазір біз сол жерді кім, қалай пайдаланатынын зерттеп жатырмыз. Бүгінгі күнге дейін ол жерді шынымен пайдаланып, ауыл шаруашылыққа керек деп, біздің тараптан зиян келтіріп жатыр деген әлі ешқандай бізге хабарлама келген жоқ. Шыны керек, біз де келешекті ойлаймыз, біз де еліміз, жеріміз дейміз. Осындай мәселені пайдаланып, одан дау шығарудың қажеті жоқ. Керек болса, өзім сол жерге барамын. Менің орынбасарым, вице-министр Марат Нұрғожин сол жұмыс тобын басқаруда. Мамандарымыз сол жерді зерттеп жатыр. Содан кейін өзім барып, халықпен, ақсақалдармен кездесемін, түсіндіремін», – деп өз ойын түйіндеді.

**Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,**
*Астана қаласы*

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

**300**
мың теңге. Шымкентте банктен осынша ақша алған келіншекті тонап кеткен

**180**
тонна. Ресей ауыл шаруашылығын бақылау басқармасы еліміздің кірген жеміс-жидекті кері қайтарды

**121**
Ақтөбеде шетелге қашып кеткен кәсіпкердің кесірінен осынша адам пәтерсіз қалды

Сөз-Жебе

**Дәурен АБАЕВ,**
*ақпарат және коммуникациялар министрі:*

**– Сыртта жүрген қандастарын Атажұртына жинаған санаулы ғана мемлекет бар. Соның бірі – Қазақстан. Тәуелсіздік алғалы 1 миллионға жуық қазақ елге оралды. Мемлекет басшысы жақында өткен Дүниежүзі қазақтарының 5-ші құрылтайында «Елім деген әр қазаққа Қазақстанның есігі әрдайым ашық» – деді. Яғни көш әлі тоқтаған жоқ. Алдағы уақытта да жалғаса береді деген ойдамыз. Осы орайда, Елбасының тапсырмасына орай, ақпарат және коммуникациялар министрлігі «Қиырдағы қазақтар» атты жобаны қолға алып отыр.**

Мәселенің мәні

**Әнуар ЖАЙНАҚОВ,**
*сыртқы істер министрлігінің баспасөз хатшысы:*

«Біздің мәліметке сәйкес, Түркия ішкі істер министрлігі «Түркия ДАИШ-пен күресте» деп аталатын кітап шығарды. Онда түрік билігінің ланкестік ұйыммен күресте қандай әдіс-амал қолданатыны келтірілген. Кітаптың соңында 2011 мен 2017 жылдың аралығында аталған ланкестік ұйымға қатысы бар деген айыппен немесе күдікпен ұсталған басқа ел азаматтарының саны келтірілген. Оның ішінде Қазақстан, Ресей, Франция, Сауд Арабиясы және басқа да елдердің азаматы бар. Олар бүгінде өз еліне оралған да шығар»

*(Екі мыңға жуық отандасымыздың Түркияға кіруіне тыйым салынғаны жөнінде БАҚ-та жарияланған ақпаратқа орай берілген түсініктеме)*

Жегіқұрт

# ПАРАНЫҢ КӨКЕСІ

Жемқордың жолы кесілді. Жуырда Батыс Қазақстан облысында 101 млн теңге пара сұраған шенеунік ұсталды. Бұл туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы хабарлады.

Батыс Қазақстан облысының қаржы саласындағы құқықбұзушылықты тергеу басқармасы Заңсыз ұйымдарды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлімінің басшысы Нұрболат Орынәлиевті 25 млн теңге пара алып жатқан жерінде ұстады. Шенеунік жалған кәсіпкерлік дерегіне қатысты қылмыстық істі жабу үшін ірі мөлшерде пара талап еткен. Параның жалпы мөлшері – 101 млн теңге.

Күдікті Орал қалалық ішкі істер департаментіндегі уақытша ұстау абақтысына қамалды. Сотқа дейінгі тергеу басталып кетті.

7 сөз

## Туу туралы куәлікті үш сағатта алуға болады

Сауалы Алтынтың Жауабы

**– Ақтөбе қаласында өткен жылы әрқайсысы 1 миллион 600 мың теңге болатын 10 аялдама салынып еді. Биыл бәрін қайта алып тастады. Себебін түсіндіріп бере аласыз ба?**

**Ілияс ИСПАНОВ,**
*Ақтөбе қаласының әкімі:*

**– Өткен жылы USB порты бар 10 аялдама сатып алынған. Бәрі қоңыр түсті. Артықшылығы – телефон қуаттауға мүмкіндігі бар еді. Алайда аялдаманы бақылайтын камера жоқ. Адамдар қайта-қайта сындырып тастады. Сонымен қатар қалалық сәулет отырысында Әбілқайыр хан және Молдағұлова даңғылдарына арнап біркелкі аялдама қою туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, өткен жылы қойылған аялдамалар алынып тасталды.**

QOĞAM 3
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

**Сауалы – «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша биыл нақты қанша жер телімі беріледі? Астана мен Алматы қаласынан жер телімін беруде қандай да бір шектеу бола ма?**

**«Егеменқазақстан» Жауабы**

**Жеңіс ҚАСЫМБЕК,**
*инвестициялар және даму министрі:*

**«Жалпы биыл 60 мың жер теліміне инфрақұрылым тартылады. Жарты жылда 23 мың жер телімі берілді. Ал қалған 37 мыңы жылдың соңына дейін азаматтарға таратылады. Биыл бұл үшін әкімдіктерге 45 миллиард теңге бөлінді. Менің естуімше, Астана мен Алматы қаласы бойынша жер телімін беруде ешқандай шектеу жоқ. Бұл қалалар бойынша нақты қай жерден берілетіндігін әкімдік шешеді»**

**Оқшау ой**

# ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАДІРІ

*«Ақынай денесі аса бір қапсағай, сүйегі ірі, еркек тұлғалы әйел. Ереймен сүйіп алған қосағының жарты денесіндей қағылез. Маңайда топырлап үймелей қалатын аңдуыл бала атаулы аға қуыршақтай, апа еңгезердей қалпына таңырқай қараудан жалықпайды. Күн астында өлі ұйқыға батқан ерінің басына Ақынай жалғыз бақанмен қос тіккен. Бір жақ басы аша, ұзын ағашты киізбен екі-үш айналдыра ораса баспана дайын. Қастерлі қара қосқа түлкі тымағына мұз қатқан жылқышы жігіттер Арқаның ақтүтек, бөрілі аяздарында қыстап шыға беретін. Ерейменнің астына сырмақ, оның үстіне көрпе төсеп, қосағы ерін жас балаша көтеріп жұмсаққа жатқызады. Ереймен дым сезбей тастай қатып, ұзақ ұйықтайды. Бұл мезгілде оның балалары үнсіз қимылдап, шаруаны тап-түйнақтай жайғап жіберер еді. Әрқайсысы өз ісін біледі. Бір ұл отын жақса, екінші ұл су дайындайды. Сырт көзге бұлар отбасымен ерігіп, қыдырып шыққан тәрізді әсер етеді. Самауыр сарқылдап қайнайды. Сол кезде Ереймен оянады, ыңырсып, беті-басы құм жабысып, албасты басқандай мыжырайып, біртүрлі шөгіп оянады. Ернінде, сақал-мұртында ақ көбіктің айғыз ізі қалған. Ақынай легендегі жылы сумен ерінің беті-қолын жуып, үстінің шаңын қағады. Енді ол күбірлеп, ішінен дұға оқып, ерін ұшықтайды, жер ұшық берген мезетті ерлі-зайыпты екеудің өз балаларымен қоса өзге балалар қалт жібермей бағып тұрады.*

*– Қарағым, Ереймен, сен мына шаңырақтың тірегісің ғой, балалар қорқып қалды ғой, – деп тіл қатқан Ақынай. Ереймен ұяң жүзі төменшіктеп, ұялы көзін жерге салып, иіні түсіп отырады. Бала-шағасы мен жарының бетіне қарауға жүзі жоқ, жарытып ләм-мим демейді».*

Кезінде Айгүл Кемелбаева менің айтып берген сюжетім бойынша «Ереймен мен Ақынай» деген әңгіме жазды. Мынау сол әңгімеден үзінді. Біздің ауылда соғыстан келген бір ағамыз болды. Оның 6-7 баласы бар. Әйелі кәдімгідей үлкен еңгезердей кісі еді. Соғыста ағамыздың басына оқ тиген. Арақ ішіп, көшеде айқайлап, сүрініп-құлап жүретін. Осы сурет менің есімде жақсы сақталды. Айтар болсам, ұзақ әңгіме. Ол кісі соғыста жоғалып кетіп, 10 шақты жыл жүріп келген. Қанша мас болып көшеде құлап жатса да, әйелі күйеуінің жағасынан алып, ешқашан дауыс көтермеген. Ешкімнен ұялмай, жатқан жеріне қос тігеді. Ол кезде теледидар болмағандықтан, ауыл балалары соны қызық көріп қарайтынбыз. Ал өзінің балалары әкесі үшін ұялады. Күйеуі оянғаннан соң, шайын беріп, қолтықтап үйіне әкетеді. Осы сурет – қазақ әйелінің

керемет образы. Кейіннен қарасам, екеуінің ұл-қызы керемет болып есейді, шетінен оқыған, көргенді, адал азаматтар. Ел басқарған байсалды, білімді азаматтарға айналды. Анасының «әкең алқаш», – деп шағым айтқан күні болған емес. Керісінше, үйіне қонақ шақырып, берекелі қылып отырды. Сол арқылы балаларын, тіпті бүтіндей бір ауылды тәрбиеледі. Нағыз ана деген сондай болу керек деп ойлаймын.

Ал қазір XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Біз екі қоғамды көрдік. Өзіміз сенген наным-сеніміміз түбегейлі өзгеріп бара жатыр. Жасыратыны жоқ, комсомол да болдық, пионер де болдық. Қазақтың табиғаты, болмысы, ұлттың болашағы туралы ойланатын уақыт келді. Себебі бүгін адамзат баласы XXI ғасыр жаһандану кезеңінде ақпараттың, яғни хабар-ошардың тасқынының астында қалдық. Теледидар, интернет біздің ұлт ретіндегі ғасырдан-ғасырға келе жатқан талай тамаша дүниемізді көмескілендіре бастағандай кезең болды. Біз ауыл баласымыз. Кезінде қазақ ауылындағы кез келген мәселе ақсақалдар алқасы арқылы шешілетін. Ұйымшыл болдық. Мен Қарағанды облысы Жаңарқа ауданындағы Жеңіс деген ауылда туып-өстім. Үйде 11 баламыз. Көше кезіп, төбелес қуған жоқпыз. Кітап оқыдық. Әкем бізді сауатты, білімді болсын деген ниетпен қолына түскен кітаптың барлығын жинап әкелетін. Тіпті жарыстырып оқытатын. «Қобыланды», «Манас» жырларын бір-біріміздің асырып оқитынбыз. Анам қазір тоқсан екіде. Сол кісілер ұрпағын өсіп-жетілуге, адал нан жегізуге шамасы келгенше еңбек етті. Бүгінде мұндай түсініктің барлығы басқаша сипат алуда. Ауылдағы Айділда деген ағамыз Алматы қаласында оқыды. Біз бала кезде сол бүкіл бір ауылдың үміті секілді болатын. Студент бала қалаға қайтарда ауылдағылар құрт-қымызын, зейнетақыдан қалғанын беріп шығарып салып жататын. Мен сол ауылды бүгінде қатты сағынамын. Қазіргі таңда нарықтық қатынас пайда болғандықтан, біреуі қымыз, сүтін, құртын сататын болды. «Төрге шық» дейтін жандар азайды.

***Қазіргі әдебиеттегі жастарды қарасам, шығармашылығында мейірім және мейірімді кейіпкер аз. Бірақ бұған олар кінәлі емес. Өйткені олар тас көшеде өсті. Олар тұлпардың дүлдүлін, жусанның иісін, бозторғайдың үнін, бұлақтың сыңғырын естімей қалды. Ал одан ұлттың әдебиеті туады деп ойламаймын.*** Оны көріп, ұстап, біліп, сезіну керек. Сосын ауылдағы өскен бала мейіріммен, пейілден жаралған. Мен «Қара орамал» деген поэма жаздым. Сонда Қарағанды лагері туралы ең бірінші поэма болып, 4 тілге аударылды. Сондағы кейіпкерлерді қарасақ, ол поляк па, неміс пе бәрі – біздің халықтың мейірімін, пейілін сезініп кеткендер. Бүгінгі таңда құндылықтың орны ауысып кетті. Көркем әдебиетте бірінші кезектегі ақын-жазушы келсе, әулие келгендей қабылдайтын. Біздегі идеология сондай болатын. Бала кезімде ауылымызға келген Оспанхан Әубәкіров, Сағынғали Сейітов, Диқан Әбілевтермен кездесу бүгінге дейін көз алдымда. 3-4-сынып оқып жүргенімде ол кісілер Қаркарадай болып отырып айтқан әңгімесін қазір де қайталап бере аламын. Себебі әдебиет деген өмірі есте қалатындай болып әсер етті. Ал біреудің қолынан жақсы кітап көрсең, соны алуға, оқып шығуға тырысатынбыз. Енді кітап оқылмайтын заман, яғни интернет уақыты туды. Осының бәрі кейде ұлттың жадына, болмысына, табиғатына кері әсер береді деп ойлаймын. Эстрада кешегі дәстүрлі әнді басып, жаншып тастағандай. Жылтыр дүниеге ғана құмар болып кеттік. Қайрат Байбосыновтар ұмыт бола бастады. Оның орнына дауысы жоқ әншілерді көкке көтереміз. Бізге идеологиялық үлкен жұмыс атқарылуы керек деп ойлаймын. Дегенмен Димаш Құдайбергенов көптеген әншінің аптығын басты. Құдай оған ұзақ ғұмыр берсін! Жарық етіп жұлдыз болды. Ол бала өзіме қатты ұнады. Кейде біз осындай құнды дүниемізді, тұнық дауысты сақтай алмай қаламыз. Осы кішкентай бақ басынан кетпесе екен деймін! Нағыз өнердің не екенін көрсетті. Қазақ бәйгеден келген тұлпар, не тайының үстіне жабу жауып, елдің көзіне көрсетпей ұстауға тырысады. Көз тимесін деген ниет.

Бекзат Саттархановқа көз тиді. Шетелде болса, ондай Олимпиада чемпионына жеке көлік беріп, ел көзінен тасада ұстайтын дәстүр бар. Олар жұлдызы жанған ұл-қыздарын көздің қарашығындай қорғайды. Ал біз?..

Елдің барлығы мейірімсіз деп ойламаймын. Көзі ашық, жақсы адамдар да жетерлік. Бірақ қазір көшеде тәнін саудалаған, өзгенің қолтығында кетіп бара жатқан қаракөз қызымызды көргенде, үйреншікті дүние сияқты қарайтынымыз қынжылтады. Өйткені ол бірімізге қарындас, бірімізге қызымыздай. Мен Түркіменстанда біраз уақыт болып, өлең жаздым. Бұлар ұлттық құндылығына ыждаһатпен қарап, қатты сақтаған. Бейтарап мемлекет ретінде киініп, сөйлегені де өзінің кім екенін айқын көрсете алады. Мұны мен қазаққа мысал қылғым келіп отырған жоқ. Бірақ үйренеріміз көп мұндайдан. Қазір екі қазақ көшеге шапан киіп шықса, маңайындағылар дұрыс түсінбей, басқаша қарауы мүмкін. Сондықтан осындай дүниенің басқаша формасын қарастыруымыз керек. Бұл дегеніміз – жалғыз киім ғана емес, ұлкен кешенді дүние. Ұлттық код туралы сөз қозғалып жатыр. Ол менің ұғымымда қазақтың жаны, болмысы, тағдыры. Бұл біздің ұлт болып ұйысуымыз үшін қажет.

Өзім талай дүниені көріп, салыстырғаннан соң, бүгінгі дарақылық, қарызға я болмаса байдың артық шығынданып, көл-көсір етіп той жасауы барлығы дұрыс емес жағдай деп есептеймін. Тарас Шевченконың Украинадағы тойында болдым. Жыл сайын өткізіп тұрады. Той 8 күнге ұласты. Кемеге мінгізіп, барлық қаласына апарады. Күнделікті ішіп жүрген тамағын ішесің. Ешқандай табақ-табақ ет жоқ. Бір қалада суретшілердің өнерін, екінші қалада ақындар кешін тамашалайсыз. Осылайша Украинаның барлық жерін қамтиды. Артық ысырап жоқ. Бәрі орнымен.

Елбасымыздың кейінгі Жолдауы – Рухани жаңғыру. Оны халық мақала ретінде ғана емес, өзіне сенім ұялататын, құжат, бағдарлама ретінде қарсы алды. Рухымызды жаңғыртуымыз керек. Мың өліп, мың тірілген халық болғандықтан, қазақтың тарихы терең. Болмысымызда, қанымызда мәңгіліктің коды сақталуы керек. Ұлт ретінде көбейіп жатқандықтан, ақыл-ой заманының уақыты болғандықтан, қазіргі жастар түзу жолда жүріп, біліммен сусындауы қажет.

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,**
*ақын*

**Фотоайғақ**

ШҚО, Аягөз ауданы. 2017 жыл

**Ел келсе – құт**

# СЫРДАН СЫРҒЫҒАН КӨШ

**Бүгінде Қызылорда облысынан 400 отбасы Солтүстік Қазақстан облысына көшуге бел байлап отыр. Бұл «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жүзеге асырылмақ.**

Солтүстік Қазақстан облысының 13 ауданында да маман тапшылығы сезіледі. Мысалы, қазір онда мұғалімдер жетіспеушілігі қатты байқалып отыр. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласының маманы, электромонтер, инженер-механик, дәнекерлеуші де тапшы. Тіпті мемлекеттік қызметте де бос орындар бар. Қоныс аударушылар үшін көтерме ақы төленіп, үй жалдауға және коммуналдық қызмет ақыларына қаржы беріледі. Сонымен қатар жер телімін алуға да мүмкіндік бар.

**Түйткіл**

# КӨКШЕТАУ. МЕКТЕП КЕРЕК

*(Басы 1-бетте)*

Асқарбек аралас мектеп дегеннен атонын ала қашады. Аты аралас болғанымен, балалары орыс тілінде сөйлейді. Үзілісте де, сабақ үстінде де таза қойыртпақ бірдеңе.

Сөйтсе, Көкшетау қаласында жалпы білім беретін 24 білім ошағының онда да қала іргесіндегі Красный Яр кентіндегіні қоса есептегенде төртеуі ғана қазақ тілінде екен. Қалғаны аралас мектептер. Өткен оқу жылында 1-11-сыныптарды қоса есептегенде, 22 325 бала оқыса, соның 47 пайызы ғана мемлекеттік тілде білім алған. Әйтеуір, бір дәтке қуаты қазақ тілінде оқитын және оқығысы келетін балалардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Оның негізгі себебін өзге білмесе де, Асекең біледі. Өйткені, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының шалғайдағы шағын ауылындағы білім ошақтары бірінен соң бірі жабылып жатыр. Солтүстік Қазақстан облысында өткен жылы жеті мектеп жабылды. Бұл шынтуайтында, жеті ауылдың жұрты ғана қалды деген сөз. Бір ғана Айыртау ауданында соңғы бірер жылда алты бірдей елді мекендегілер үдере көшіп кетті. Бір өкініштісі, осылардың барлығы қазақ ауылдары. Бұл түптеп келгенде, ұлт тамырына, оның алтын жылғасына, тілі мен діліне үлкен соққы. Сол ауылдардың балалары енді қала мектептерінің оқушысы болғалы отыр. Білім ошағының аздық етуінің бір себебі де осында. Бірақ ол негізгісі емес. Мәселе жиырма бес жыл өтсе де облыс орталығында бір мектеп сала алмауымызда жатқан тәрізді.

Иә, сол ауылдардың балалары Көкшетауға көптеп келіп жатыр. Дені қазақ тілінде білім алғысы келеді. Бірақ оның бәрін қайда сыйғызарсың? Қалалық білім бөлімінің басшыларының айтуына қарағанда, Васильковка шағынауданында және Красный Яр кентіне шыға беріс жол бойында 900 орындық және 264 орындық қос мектеп салынады дейді. Ал оған дейін ше?

Негізінде кадрдан кемшілік жоқ. Қала мектептерінде 233 қазақ тілі мұғалімі сабақ береді. Олардың 166-ы жоғары және бірінші санатты. Өткен жылмен салыстырсақ, бұл арадағы көрсеткіш 14 пайызға ұлғайған. Демек, мектеп салына қалса, мұғалімнен таршылық көретін жай жоқ.

Бұл облыс орталығындағы ахуал болса, аймақта қазақ мектебінің көкжиегін кеңейту, санын көбейту мәселесі сойылдай болып солқылдап тұр. Мәселен, Ақмола облысында 572 білім ошағы бар. Міне, солардың 162-і ғана, яғни 28 пайызы мемлекеттік тілде. Есесіне, қанша айтылғанымен, аралас мектеп дейтұғын амалсыз амалдан арыла алмай келеміз. Аралас мектеп жалпы көрсеткіштің 33 пайызын құрайды.

Ал ата-ана болса баласын қазақ тілінде оқытуға әбден ынтық. Өйткені, келешек шын мәнінде қазақ тілінде. Жоғары оқу орнына бөлінетін грант та жыл сайын көбейіп келеді. Сосынғы бір жай, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағыдай емес, қазақ мектебінде білім беру сапасы әлдеқайда жақсарған. Ол кезде жұрттың жадында қазақ мектебіндегі білім беру деңгейі төмен, орыс мектебі білімді жақсы береді дейтін жансақ ұғым болатын. Осы бір кешегі кеңес заманынан қалған түсініктің теріс екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

– Биыл Елбасы әлемдегі ең озық ойлы жинақтарды қазақ тіліне аудартып дайындау жөнінде тапсырма берді ғой, – дейді Асқарбек,– Мен балаларымды осындай әлемдік деңгейдегі білімнің нәрімен сусындату үшін өзінің ана тілінде оқыткым келеді. Бірақ, өкінішке қарай, айналдырған үш мектептің үшеуінде де орын тапшы. Мен сияқты қалаға көшіп келгенімен, әлі белгілі бір мекенжайға тіркеліп үлгермеген адамның жағдайы қалай болады? Негізінде білім саласының шенеуніктері адамның жай-күйімен санаспай, қатып қалған қағиданың шеңберінен шыға алмайтыны өкінішті.

Бір қызығы, Асқарбек ауылдан көшкенде бүкіл ел, тұтас мектеп болып жылап қоштасқан. Енді қайтсін, ауылдағы мектепте 41 бала оқитын, Асқарбектің төрт баласы көшкен соң ол мектептің де болашағы белгісіз болып қалды. Ауыл балшықтан бала жасай алмай отырса, қала мектептері бар баланың кекілінен сипаудың орнына кері итереді.

Жалпы, біздің Көкшетауда қазақ мектебіне деген көзқарастың кірпігіне қатқан қырау бір жібімей қойды. Бұланды ауданында

қазақ мектебін жақындап кетсе, бірдеңесі жұғатындай айдалаға салды. Ал Бурабайдың баурайындағы Щучье қаласында жаңа қазақ орта мектебі қаланың сыртында тура үш шақырым жерде. Бұл туралы біз кезінде газетімізде жарты әлемге жар салып жазған болатынбыз. Облыс орталығының өзіндегі Жанайдар Мусин атындағы қазақ педагогикалық колледжі алты қырдың астындағы адыра қалған бір құрылысты қайтадан түзеп, баспана қылып отыр.

Осыдан екі-үш жыл бұрын Көкшетау қаласындағы №6 аралас мектепті таза қазақ тілді мектепке айналдырамыз дегенде, біраз жұрт атойлап шыға келген.

**БІР ҚЫЗЫҒЫ, АСҚАРБЕК АУЫЛДАН КӨШКЕНДЕ БҮКІЛ ЕЛ, ТҰТАС МЕКТЕП БОЛЫП ЖЫЛАП ҚОШТАСҚАН. ЕНДІ ҚАЙТСІН, АУЫЛДАҒЫ МЕКТЕПТЕ 41 БАЛА ОҚИТЫН, АСҚАРБЕКТІҢ ТӨРТ БАЛАСЫ КӨШКЕН СОҢ ОЛ МЕКТЕПТІҢ ДЕ БОЛАШАҒЫ БЕЛГІСІЗ БОЛЫП ҚАЛДЫ. АУЫЛ БАЛШЫҚТАН БАЛА ЖАСАЙ АЛМАЙ ОТЫРСА, ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІ БАР БАЛАНЫҢ КЕКІЛІНЕН СИПАУДЫҢ ОРНЫНА КЕРІ ИТЕРЕДІ.**

Дені өзіміздің ағайынымыз.

Ата-ананың оқытсам, баланың оқысам деген ынтаықыласы мол. Жетіспейтіні қазақ мектебі. Енді бір айдан соң жаңа оқу жылы басталады. Сол себепті облыстағы білім саласы басшыларының құлағына алтын сырға деп осы бір пікірімізді тағы да шегелеп айтқымыз келген. Бірақ осыдан бірер күн облыстық білім басқармасының басшысы Балым Ізбасарова зейнеткерлік демалысқа кетті. Қазір орны бос тұр. Саланың болашағы туралы басшының орынбасарлары онды жауап қата алмады. Бар жақсылықты жаңа басшыдан күткеннен басқа амал жоқ.

**Байқал БАЙӘДІЛОВ,**
*Ақмола облысы*

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

EXPO-2017

# ТАБИҒИ ҚУАТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНАДЫ

**Бір айдың ішінде 1 миллионнан астам адам тамашалауға келген Астанадағы ЭКСПО–2017 халықаралық көрме аумағында әлі де адам көп. Келушілердің қатарында шетелдіктер те отандастарымыз да бар. Өткен бір айда 130 мыңдай шетелдік қонақ осы көрмені тамашалауға елімізге арнайы табан тіреген болатын. Бұл үрдіс әлі де жалғаса бермек. Себебі көрме аумағында ұйымдастырылып жатқан шаралар өте көп. Мәселен, өткен бір айда ЭКСПО аумағында 1 мыңнан артық мәдени және іскерлік іс–шара ұйымдастырылған. Сонымен қатар әрбір мемлекет ЭКСПО көрмесі аясында өз елінің ұлттық күнін атап өтіп жатыр. Бұл күндерге сол елдің мемлекет басшысы мен лауазымды тұлғалары және тағы басқа жауапты адамдары келуде. Мұндай жоспарлы бағдарлама көрме аяқталғанша жалғаса бермек. Сондықтан да көрме аумағы күн сайын қызу қарбалас.**

## АДАМ ТАҢ ҚАЛАТЫН ДӘСТҮРЛІ ЕЛДЕР

Біздің бұл жолғы бет алған бағытымыз «Тынық мұхиты плазасы» болатын. Бұл павильонның да басқасынан өзіндік ерекшелігі бар. Павильон жетекшісі «Тынық мұхиты плазасы» павильонында негізінен 11 ел орналасқан. Алайда Вануату елінің өкілдері көрмеге қатыса алмады. Себебі ол жақта табиғат апаты болып жатыр деген хабар алдық. Біздің плазаға күніне 2500-3500 адам келіп, көрмені тамашалап кетеді. Кирибати мен Папуа Жаңа Гвинея елдерінен келген өнерпаздар көрме көрермендерін өнерімен тәнті етіп, келушілердің қошеметіне бөленуде. Әртістер күніне 3 рет концерт өткізеді», – дейді.

Павильонға кірген бетте оң жағында Тынық мұхиты аралдарының картасы орналасқан. Картадан аралдағы елдердің 3 үлкен топқа бөлініп көрсетілгенін байқауға болады. Атап айтсақ, олар микронезия, меланезия, полинезия аралдары. Полинезия аты айтып тұрғандай, мыңдаған аралдан тұрады. Бұл аралдан жаңғырмалы энергияны қолдайтын Тувалу, Тонга, Самоа елдерінің делегациясы ЭКСПО көрмесіне қатысуға келген. Микронезиядан Палау, Маршалл аралдары, Науру, Кирибати елдерінің көрмесін тамашалауға болады. Жергілікті тұрғындары қара торы болғандықтан, меланезия аталып кеткен аралдан Папуа Жаңа Гвинея, Фиджи Республикасы, Соломон аралдары, Вануату елдерінің тылсым тарихы мен көрмесін тамашалауға болады. Плазада тек қайта қалпына келетін энергияны қолдайтын және сол бойынша өзіндік ерекшелігі бар елдер көрмеге қатысуда екен.

Астана қаласындағы медицина университетінің студенті, плазаны таныстырушы Айжан Ақсамбаева бізге павильонды таныстырып, қызықты мәлімет келтіріп отырды. Жалпы ЭКСПО көрмесін тамашалап жүргенде бір қуанғаным – жастардың 3 тілде де еркін сөйлеп, көптеген қызықты мәліметті еркін де анық жеткізе алғаны. Сондай білімді жастың бірі – осы Айжан Сейітханқызы. Кез келген сұрағыңа жауап беріп, белгісіз, тылсым дүниелерді қызықты әрі нақты дерекпен айтып береді. Табиғат тылсымы кез келген жанды да қызықтырары сөзсіз. Олай болса, бұл плазадан Тынық мұхитында сирек кездесетін балық жайлы көптеген мәлімет алуға болады. Мәселен, «Көкшіл сыңғырлы» атты балық өте кішкентай болса да, 20 жылға дейін өмір сүреді. «Кәмелетке толмаған император періште» атты балықтың түсіне қарай жасын айыруға болады екен. Егер көк түсті ақ жолағы болса, онда кішкентай балық деген сөз. Ал жасы өскен сайын ақ жолағы сары түске боялады. Бұған қарап оның кәмелетке толғандығын анықтауға болады-мыс. Ал «Періште акуласы» атты балық жүзген кезде қанаттары періштенікіне ұқсайтындықтан, осылай аталыпты. Мариана шұңғымасын да осы плазадан көруге болады. Мариана шұңғымасы – терендігі 11 034 метрге дейін жететін әлемдегі 4 мұхитта кездесетін ең терең жер.

Келесі бір қызықты жайт – плазаға ең ежелгі, байырғы халықтардың суреттері іліниіпті. Келушілердің көпшілігі осы 7 суретке байланысты көптеген сұрақ қойып, қызықты жайтқа толы әңгіме тыңдайды. Жеті суреттегі тайпаның бесеуі – Папуа Жаңа Гвинеяда мекендейді екен. Мысалы, Папуада мекендейтін Дани халқының түсінігі бойынша, егер отбасында ер адам қайтыс болса, әйел адамның саусағы кесіледі. Соған қарап жақын адамынан айырылғандығын біліп, ол әйелге құрмет, қамқорлық көрсетіледі екен. Атақты этникалық топ аналарының қартайған шағында саусағының аз қалғанын байқауға болады. Ал Асаро Мудмендері тайпасындағылар саз балшықтан жасалған құбыжыққа ұқсас масканы жиын-тойда, басқосуда киіп жүретін көрінеді. Маска арқылы жауын қорқытып, үркітіп және алып күш иесі екендігін танытады. Жалпы Папуа Жаңа Гвинеяда мыңнан аса тайпа болса, 800-ге жуық абориген тілі бар. Тіпті кейбір тайпалар бір-бірінің тілін түсінбейді де.

Фиджиліктер болса, Меланезияда мекендейді. Бұл тайпадағылар көбіне ойын-сауық құрып, ән айтып, би билеуге құмар келеді. Ал Хули тайпасының басшылары мұрынын тесіп, ағаштан мұрындық тағып жүреді. Осыған қарап оның басшы екенін анықтайды екен. Ал бетін әр түрлі ашық түске бояуына қарап, бұл жерлерде көптеген түрлі-түсті құстың мекендейтінін білеміз. Комбайлықтар 20-50 метр биіктікке орналасқан ағаш үйде тұрады. Себебі Мангр ормандарында түрлі жыртқыш аң мен қолтырауыннан осылай қорғанады. Сондай-ақ егер ер адам үйленгісі келсе, болашақ жарына иттің тісінен жасалған моншақ сыйға тарту етіп, сезімін білдіреді. «Жалпы біз үшін және көрмеге келушілер үшін мұндай жайттар өте қызық. Осы тайпалар жөнінде көптеген сұрақ қойып, келушілер таң қалып кетеді. Сондай-ақ кейбір жайттары қорқынышты, дөрекі, тіпті ашық түсті татуировка салса, ерлер қара түстен салдырады. Барлығының оюы бірдей тізесінің үстіне дейін салады. Корабайлықтар мен комбайлықтар бір-біріне көрші тайпалар. Бірақ тілі басқа болған соң, бірін-бірі түсінбейді. Корабайлықтардың саны 3 мыңдай ғана. Тіпті олар өзінен басқа адамдардың жер шарында бар екенін 1970 жылға дейін білмеген. Осы жылдан бастап қана олар өзгелермен араласып, байланыс орнатқан. Бұл тайпадағылар ақша, валютаның орнына шошқамен төлем жасап, есеп айырысады. «Мангр» ормандарының ерекшелігі – ағаштың тамыры жер астына қарай емес, жер бетіне қарай суда өседі. Ал кино залынан 3 минуттық фильм тамашалап, ол елдің өмірі, тұрмыс-тіршілігімен тереңірек танысуға болады.

Плазаның ортасында 11 мемлекеттің көрмесі орналасыпты. Атап айтсақ, олар Фиджи Республикасы, Кирибати, Науру, Маршалл аралдары, Палау, Папуа Жаңа Гвинея, Самоа, Соломон аралдары, Тонга, Тувалу елдері.

## ТУРИСТЕР МЕКЕНІ

Енді осы елдердің жаңғырмалы энергия алудағы ерекшелігіне тоқталсақ. Фиджи Республикасы әлемдегі туризмі жақсы дамыған елдердің қатарынан саналады. Жалпы көптеген турист өзінің үйлену тойын, мерекесін Фиджида өткізуді жоспарлайды екен. Себебі бұл жердің табиғаты әсем әрі қыс мезгілі болмайды. Фиджи тек қана туризм ғана емес, таза табиғи өнімнен жасалған әйелдер косметикасының жақсы дамуымен де танымал. Сондай-ақ АҚШ-та Фиджидің суы қымбат болады. Өйткені ол өте таза, сапалы болуымен белгілі болған. Негізгі шаруашылығы – балық аулау. Фиджидің комиссары Камлеш Прасад «Қыс мезгілі болмайтындықтан, елімізде күннен қуат алу жақсы жолға қойылған. Сондай-ақ желден, судан, толқыннан да энергия аламыз. Қазіргі кезде енді дамып жатқандықтан, көбіне мектептер мен ауруханалардың үстіне күн панелі орнатылып, қуат көзі алынуда», – дейді.

Кирибати мемлекеті Тынық мұхитының оңтүстік-батысында орналасқан мемлекет. Туризммен әлемге әйгілі мемлекетте Кирибатидың комиссары Уэанити Киритимати «Еліміз жаңғырмалы энергия көздерін пайдалануды жолға қоя бастады. Қазіргі күні күннен 15 пайыз қуат алсақ, қалғаны жел қуаты, мұхит қуаты, био энергия көздері. Жалпы осы саланы дамыту үшін мемлекетіміз әр жыл сайын 1 мен 5 миллион аралығында аустриялық доллар бөліп келеді. Сондай-ақ мемлекетімізден бөлек дамыған елдер тарапынан да бөлінетін қаржы бар. Желіге қосылған үлкен ФГ-лары (фото гальваникалық) толығымен орнатылды. 2015 жылдың соңғы тоқсанынан бастап электр желісіне қосылды. Аталған жүйелерді Дүниежүзі банкі, Біріккен Араб Әмірліктері және жапон үкіметі, ал ауылды электрлендіру жобасын Еуропалық Одақ қаржыландырады», – дейді. Маршалл аралдары елінде күн қуаты дамыған.

## НАҒЫЗ ТАТУИРОВКА МЕКЕНІ

Самоандықтар елін татуировканың отаны десек те болады. Бұл жерде ең алдымен адамдар денесіне сурет салып, әйелдер ақылға сыйымсыз болып көрінеді. Дегенмен, мұндай жағдайлар ол тайпалардың күнделікті, қалыпты тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі болып саналады», – дейді жол бастаушым Айжан Сейітханқызы.

## КҮННЕН ҚУАТ АЛАДЫ

Науру – Аустралияның солтүстік-шығысындағы кіп-кішкентай аралда орналасқан мемлекет. Жер көлемінің ауданы – 21 километр квадрат болса, халқының саны 9591 ғана. Науру фосфатқа өте бай мемлекет. «Тәуелсіздік алғанға дейін көптеген мемлекеттер Наурудың фосфатын көптеп өндіріп келсе, ал тәуелсіздік алған соң халық жаппай фосфат өндіруге көшеді. Соның арқасында халқы тез байып, тіпті жалақысы американдықтардікінен 4 есеге дейін артқан екен. Сондықтан халқының біразы жұмыс та жасамай кеткен. Сол себепті жұмыс, қимылдың аздығынан Науруда толық адам өте көп», – дейді таныстырушы Айжан Ақсамбаева. Науру мемлекетінің комиссары Риберина Скоттидің айтуынша, Наурудың ең биік нүктесіне күн панелі шоғырландырылған. Сонда жинақталған энергия көздері арқылы қалаға электр қуаты жеткізіледі. Мұндай жобаны Біріккен Араб Әмірліктері қаржыландырып, орнатып беріпті. Ал комиссардың орынбасары Шанди Аккен «Жеке үйден гөрі үлкен-үлкен ғимарат пен мектептерде, үкіметтік мекемелер шатырында күн панелі көптеп орналасқанын көресіз. Осыған қарап-ақ елімізде күннен энергия алатындығын білуге болады. Елімізде кезінде фосфатты өте көп өндірген сол себепті табиғатқа біраз зиян келген болатын. Сондықтан табиғатты аялап, қорғау үшін бүгінде күннен қуат алуға көшіп жатырмыз», – дейді.

67 жанартауымен белгілі Папуа Жаңа Гвинея комиссары Жеймс Кетовтың айтуынша, ел билігі геотермальдық энергияның дамуына баса мән беріп отырған көрінеді. Әр жанартаудың жанында зауыт салынып, арнайы трубина арқылы қалаға қуат көздері жеткізіледі екен. «Бұл елдерде жанартау жиі атылып тұрады. Тіпті жуықта ғана мамыр айында Манам аралында жанартау атқылап, тұрғылықты халық қауіпсіз жерге көшіріліп, елде біраз қиындық болған. Алайда зардап шеккендер жоқ», – дейді павильон таныстырушысы.

Полинезия түбегінің жүрегі болып саналатын – Самоада су қуаты, жел қуаты, күн қуаты жақсы дамып келеді. Самоа мемлекеті комиссарының орынбасары Жобеса Леонның айтуынша, бұл елдегі қайта қалпына келетін энергияның 67% күннен, 31% судан, 2% желден алынады. Сөйтіп, судан 8, күннен 17, желден 0,6 мегаватт электр тоғы өндіріледі.

Алтынға өте бай мемлекет Соломон аралдарында негізінен қуат – су қуатынан, жел қуатынан, биологиялық энергия көздері, күн қуатынан алынады.

Атақты ағылшын әскери теңізшісі, зерттеуші Джеймс Кук «Достыққа адал, бай мемлекет» деп атаған Тонгада туризм жоғары деңгейде дамыған. Сонымен қатар Тонга – бүгінде кит санының азайып кетуіне байланысты оны қорғауды мықтап қолға алды. Комиссардың орынбасары Мана Китэ «Бізде негізінен күн панелі 2012 жылдан бастап көп қолданыла бастады. 2020 жылға дейін жаңармалы, баламалы энергия көзін дамытып, 50 пайызға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Жалпы күннен қуат алуда Жапония мемлекетінің көмегі көп. Мәселен, Баинизм аралы мен Папуа аралында күн панелін орнатып, жобаға 15 миллионнан астам қаржы бөлген. Бүгінде ол жоба аяқталып, екі арал халқын толық қуат көзімен қамтамасыз етіп отыр», – дейді. Туристер Тонганы – ғажайып пен бүлінбеген сұлулыққа толы 170-тен астам аралы кез келген саяхатшыға ұсынар көптеген қызықтары бар патшалық дейді екен. Жалпы елдің табыс көзі туризм болса, жылына 50-60 мыңдай турист келеді. Мана Китэ туризм саласында қызмет атқарамын деген соң, бұл саланы қалай дамытуға болатындығын сұрадық. «Туристерді әр елдің өзінің мәдени, тарихи құндылығы қызықтырады. Сондықтан жергілікті халықтың өмір сүру салты, мәдениеті, тұрмыс жайы мен өзіндік ерекшелігін көрсете білу керек», – дейді комиссардың орынбасары.

Келесі бір мемлекет – 9 аралдан тұратын Тувалу елі. Сондықтан да оладың туында 9 жұлдыз бейнелеген. Әлемдегі ең кішкентай елдердің ішінде 4 орында тұрған Тувалуда күн қуаты, жел қуаты, биоэнергия саласына мән берілген.

Вануатуда жанартаудан энергия алады. Мұхит суының деңгейі көтеріліп, батып кету қаупі туып тұрған Вануатуда геотермальдық қуат, су қуаты, мұхит қуаты, биоэнергия, күн қуатын алу дамуда.

Жалпы алғанда, ЭКСПО павильондарының әрқайсының өзіндік ерекшелігі, бір-бірін қайталамас өзгешелігі бар. Өзіңіз байқап отырғандай, Тынық мұхиты аралдары елдерінің көбісі – баламалы энергия көздерін тұтынушының қатарында. Тынық мұхиты аралдары елдерінің павильонында қызықты дерек, адам назарын аударатын картина баршылық. Себебі бұл елдердің көбісі ұсақ аралдарда өмір сүретіндіктен әлі күнге дейін байырғы дәстүрі мен салтын берік ұстанған. Ол дәстүрінің арасында адам таң қаларлық, келушінің назарын аударатын дерек көп. Сондықтан да бұл павильонды да тамашалаушы адам қатары сиремейді.

**Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,**
*Астана қаласы*

ЕЛ БІРЛІГІ
ЖК 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Сенім

Еліміздегі толеранттық пен конфессияаралық келісім мемлекеттің біртұтастығының қажетті шартының бірі болып табылады. Әртүрлі ұлттардың өкілі мен діни топтардың бейбіт өмір сүруі мемлекеттің саясаты мен биліктің тәжірибесіне байланысты. Біздің мемлекетті «өркениеттің қиылысы» деп бекер айтпаған.. Егемендігіміздің алғашқы жылдарынан бастап біз зайырлы, демократиялық ел ретінде барлық дінге есігімізді айқара ашып, олардың таралуына қолайлы жағдай жасап келеміз. Қазіргі таңдағы дінаралық татулық, келісім мен толеранттық қандай деңгейде, оны одан әрі нығайтуға қандай үлес қосу керек сынды сауалға жауап іздедік.

# ДІНИ САУАТСЫЗДЫҚ САН СОҚТЫРАДЫ

Елбасы Н.Назарбаев дінаралық татулық пен толеранттықтың қазақстандық тәжірибесіне жоғары баға берді. Еліміздегі барлық дін өкіліне сыйластықпен қарайтынын білеміз. Мемлекет басшысының конфессияаралық келісімді тек елімізде ғана емес, бүкіл әлемде нығайту саласындағы мақсатының дәлелі ретінде Астана қаласында өткізілетін әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезін айтуға болады. Астанада өткен форумда дін ұстау бостандығы, халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы діни көшбасшысының рөлі мен шиеленісті бейбіт жолмен шешудегі әлемдік дін күшінің біріктірілуі мәселесі талқыланды.



Конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін құрған біздің мемлекет бүгінгі таңда тату көршілік және қауіпсіздік идеясын, ұлтаралық және дінаралық диалогтың жалпы әлемдік тұжырымдамасын ұсынады.

Съездің мақсаты мен мұраты – дін мен мәдениет арасындағы жаһандық диалогты баянды ету. Діни қауым арасындағы өзара түсінік пен құрметті тереңдетіп нығайту. Араздық пен экстремизм идеологиясына қарсы тұра алатын толеранттық пен өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру. Сондай-ақ дін, мәдениет және өркениет арасындағы диалогты өрістетуді көздеген барлық халықаралық ұйым және құрылыммен ықпалдасу болып табылады.

Алматыда да мәдениет пен өркениеттің бейбіт қатар өмір сүруінің, этносаралық және конфессияаралық келісім мен толеранттық ахуалды қалыптастырудың баға жетпес тәжірибесі жиналған. Еліміздің өзге мемлекеттермен құнды мәдени жетістіктерді бөлісуі, біздің қоғамымыздың ортақ дәулеті болып табылады.

Әлемдік кеңістікте ақпараттық айдынның кеңеюі, ғаламдық өзгерістер мен қоғамдық-экономикалық үдерістің екпінді дамуы адамзат тіршілігіне зор ықпалын тигізіп келеді. Міне, осы тұрғыдан алып қарар болсақ, жер бетінде бейбітшілік пен тұрақтылықты, қауіпсіздік пен өзара ынтымақтастықты сақтау әлем жұртының алдында тұрған маңызды мәселе. Бұл ретте адам баласының рухани негізін қалайтын діни сенімі мен нанымының үйлесімділігі, дін өкілдерінің өзара түсінісуі, толеранттыққа жол ашу – бейбіт өмір мен тұрақтылықтың темірқазығы. Бұл орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына бір өрелі сөзі ойға оралады: «Діннің тұтастығы – елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады».

Елімізде этносаралық келісім мен дінаралық төзімділікке үндей отырып, әр ұлттың дәстүрлі мәдениетін сақтау мен өрістетуге, қоғамда түсіністік пен сыйластықты арттыруға барлық жағдай жасалған.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік–конфессиялық қатынаста зайырлылық моделін ұстана отырып дамуда. Қазақстанда қазіргі таңда 18 конфессияның мүддесін білдіретін үш жарым мыңнан астам діни субъекті ресми түрде тіркелген. Еліміз осындай діни сан алуандық жағдайында осы саладағы негізгі үрдісті елеп-екшейтін мемлекеттік саясатты жаңадан ой елегінен өткізуді күн тәртібіне қойып отыр. Осы тұрғыда, Елбасы Жарлығымен бекітілген Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының маңызы зор. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қазіргі жаһандық үдеріс пен уақыт талабына сай қайта толықтыру мен жетілдіру мемлекетіміздің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берері анық. Тұжырымдама дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізін құрайтын дінаралық келісімнің қазақстандық моделіне сүйене отырып, дін саласын реттеу мен жетілдіруді көздеп әзірленген. Жалпы тұжырымдаманы әлемде қалыптасып отырған геосаяси жағдайды, ішкі және сыртқы қауіпті ескере отырып, еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайтуға негізделген кешенді құжат деп қабылдауымыз қажет. Бізде бүгінде діни және этностық татулық пен толеранттық толық қалыптасты деп айтуға негіз бар. Демократиялық қоғам құру процесінде мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы түбегейлі өзгерді. Қазіргі таңда елімізде мемлекет пен діни бірлестік арасындағы қарым-қатынастың тұрақты үлгісі қалыптасты. Ал бұл жетістікті дамыту мемлекет тарапынан да, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестік тарапынан да қажымас жұмысты қажет етеді. Елдегі діни сала мен діни ахуал тиісті тараптардың өзара әрекеттестігі негізінде үнемі зерделеп отыруды талап етеді. Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың негізін қалап отырған негізгі қағидалар бар. Тәуелсіздік жылдары мемлекетімізде дін саласын реттейтін құқықтық негіз қалыптасты. Еліміздің Конституциясы мен заңдары сенім бостандығының қорғалуына кепіл болады. Конфессияаралық, ұлтаралық және басқа да кез келген кемсітуге, қысым көрсетуге тыйым салады. Мемлекет діни бірлестіктердің өз қызметін жүзеге асыруға тең әрі қолайлы жағдай жасап берді. Отандастарымыздың көпшілігі өзін мұсылман деп санаса да, бұл басқа дін өкілінің қызметіне кедергі болмайды. Мұны біз басқа діни бірлестіктің санының өсуінен де көріп отырмыз. Елімізде дін саласында салмақты да салиқалы саясат жүргізіліп келеді. Бізде әлемдік діни бірлестік оның ішінде ханафи мәзхабы, христиан, иудаизм, буддизм т.б. бар. Құзырлы мекемелердің мәліметі бойынша, елімізде әр түрлі бағыттағы 18 діни конфессия бар. Оның ішінде 2,6 мың мұсылман діни бірлестігі, 333 православ, 85 католик, 605 протестан, 7 иудаизм, 2 буддизм, сондай-ақ 77 дәстүрлі емес діни бірлестік. Ал Алматы қаласы бойынша 178 түрлі діни бірлестік бар. Қаламызда 48 мешіт, 23 православ , 87 протестан, 4 католик шіркеуі, 1 иудаизм мен 15 дәстүрлі емес діни бірлестікке қарасты мінәжат орындары бар. Бүгінде елімізде діннің қайта даму кезеңі белең алуда. Дін халықтың мәдени дәстүрін сақтаушы және рухани-адамгершілік идеалдың қозғаушы күші ретінде біздің азаматтарымыздың көз алдында зор құндылыққа ие. Сондықтан, әрбір діни бірлестік бір-бірімен тығыз байланыста. Осыған байланысты діни әдептің күші өскелең ұрпақтың адамгершілік және рухани дүниетанымын қалыптастыруда барынша белсенді қолданылуда. Дәстүрлі дін қоғамдық өмірдің және мәдениеттің ажырамас бір бөлшегіне айналды.



Бүгінгі таңда діни экстремизм мен терроризм туралы естімеген адам аз шығар. Баспа немесе ғаламтор бетінен шетелдердегі және еліміздегі діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Бұл аталған мәселенің ғаламдық деңгейде орын алып отырғандығының белгісі.

Қазақстан әлем елдеріне көптеген конфессия мен ұлт өкілінің бейбіт өмір сүру мекені ретінде танылғаны рас. Дегенмен, діни экстремизм мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ.

Қазіргі таңда діни экстремизм өте ауыр әлеуметтік – құқықтық және психологиялық мәселе болып табылады. Демек, діни алауыздық, жеккөрушілік және дінді саясаттандыру секілді қисынсыз көзқарас пен әрекеттің алдын алудың бірден-бір жолы халыққа дін жайында дұрыс түсінік беру. Ғасыр басынан қарулы қақтығыс жиі орын алған Ауғанстан, Ирак, Израиль, Палестина аймағындағы террактілік актілер «ислам терроризмі» теориясын дәлелдегендей болды.

Елімізде тәуелсіздік алғаннан кейінгі діни жаңару халықтың басым бөлігінің исламға бет бұруы ата дінімізге үлкен сұраныс туындатты.

Кеңестік кезеңдегі діни маман дайындаудың тоқтатылуы, сәйкесінше қажетті маманның жетіспеуі – ұлты, ұстанымы басқа шетелдік ислам маманы мен уағызшының елге ағылуының басты себебінің бірі болды.

Мұндай уағызшылардың арасында радикалды бағыттағы, экстремистік көңіл күйдегі («Хизбут Тахрир», «Таблиғи жамағат», уахаббилер т.б.) топтардың өкілдері болды.

Елімізде мұндай ағымдардың таралу аймағы да әр түрлі. Жалпы, діни экстремизмнің қай аймақта болмасын таралуына себеп болатын бірнеше алғышартты атап өтуге болады. Ең алдымен, бұл – діни сауатсыздық. Дінге толық танымнан келмеу басты көрініс болып отыр.

Тұрғындардың арасында, әсіресе жастардың өзгеге еліктеуі, белгілі бір топтың мүшесі болуға деген ынтасы соқыр сенімге негізделген әсіреділдікке әкеледі. Мұндай соқыр сенім діни фундаментализмнің, сәйкесінше діни фанатизмнің алғышарты болуда. Ғаламтор кеңістігіндегі экстремистік идея тарататын сайттың еркін қолжетімділігі де маңызды себептің бірі болып табылады. Мұндай сайтты екіге бөліп қарастыруға болады. Мысалы , кейбір сайттар мұсылмандардың қысымға ұшырауы, әсіресе АҚШ, Еуропа, Израильдегі мұсылмандар туралы ақпарат, қанға бөккен адамның суретін, бейне-материалды ашық көрсету арқылы күллі әлемді мұсылманға жау ретінде көрсетуге ұмтылады. Сондай-ақ кейбір сайттағы түрлі шейхтың уағызы бейне жазба түрінде таратылады. Мұндай ақпарат сауаты төмен, өзін мұсылман санайтын адам санасына әсер етеді. Өз ойын сайтта берілетін жиһадқа аттану , шаһид болу туралы хадис пен аят арқылы нығайтып, өзгермес ұстанымға, өмірлік мақсатқа айналдырады.

Тұрғындардың арасында, әсіресе жастардың өзгеге еліктеуі, белгілі бір топтың мүшесі болуға деген ынтасы соқыр сенімге негізделген діншілдікке әкеледі. Мұндай соқыр сенім діни фундаментализмнің, сәйкесінше діни фанатизмнің алғышарты болуда. Фундаменталистік көңіл күй экстремизмге апарар жол. Өйткені, экстремистің ойынша, өзінің ғана діни ұстанымы ең шынайы, ақиқат әрі таза деп есептеледі. Сәйкесінше, өзге дін өкіліне төзімсіздік, қысым көрсету секілді көңіл күй туындайды. Мұндай ұстаным өз сенімін, көзқарасын мейлінше кең тарату, қажет болса күштеп тану әрекетіне саяды. Осы жағдайда, діни сарындағы терроризм мен оның өкінішті зардабы орын алады. Бұл ретте адамдар арасында қорқыныш пен үрей, қатыгездік пен қауіп төндіретін, ажал оғын себуді мақсат тұтатын экстремистік, террористік топтардың арам пиғылы мен тигізетін залалын алдын ала түсіндірудің маңызы зор.

Алматы қаласы дін істері басқармасына қарасты «Сараптама және талдау орталығы» осы бағытта нақты жұмыс істеуде. Діни экстремизм мен терроризмнің қаупі туралы биылғы жылы қаламызда 4 мың адамды қамтыған 200 түрлі форматта шара өткізілді. Жыл соңына дейін 80 мың адам қамтитын 300 түрлі шара өткізу жоспарда бар. Алматы қаласының тұрғындарына толықтай экстремизм мен терроризмнің қауіп-қатері туралы ақпарат таратылатын болады.

**Владимир ИВАНОВ,**
*Алматы қаласы дін істері басқармасына қарасты сараптама және талдау орталығының мониторинг жүргізу бөлімінің басшысы, дінтанушы*

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Орайы келген әңгіме

# СТУДЕНТТІҢ ЖАЙЛЫ МЕКЕНІ

***Алматыда өзге өңірден келген 50 мың студентке жатақханадан орын жетпейді. Бүгінде бұл мәселені ретке келтіру үшін қалалық әкімдік тарапынан бірқатар жұмыс жасалуда. Бұл туралы Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Шыңғыс Бескемпіровпен сұхбаттасқанымызда айтты. Ол әңгімемізді бастамас бұрын бірінші кезекте құрылыс жұмысын жүргізіп жатқан қаладағы бір жатақхананы аралап шығуымызды сұрады. Болашақ дәрігерлер тұратын жатақхананың әр қабатында жүргізіліп жатқан бояу, ақтау жұмысымен танысып шықтық. Алдымыздан шыққан жатақхана меңгерушісі «15 тамызға дейін уақыт берілген. Біз сол уақытқа дейін бәрін аяқтап, студенттерге дайындап қоямыз», – дейді. Сол жатақхана ауласында басқарма басшысымен сұхбатымыз жалғасты.***

**Жас қазақ:** Шыңғыс, Алматы – жастардың қаласы. Оның үстіне биыл жастар жылы деп жарияланды. Осы ретте оқудан бөлек, жастарға не керек? Әрине, тұрақты тұратын орын керек. Бүгінде жастар бұрынғыдай емес, керісінше жатақханаға қарай ұмтылуда. Қазіргі таңда қаладағы студенттің барлығын жатақханамен қамту мүмкін емес. Дегенмен, осы мәселе қалай шешілуде?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Расында да, Алматы жастардың қаласы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жастарға қолдау көрсету және олардың интеллектуалды және кәсіби біліктілігін дамыту мақсатында Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек 2017 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Осыған орай жыл басында біздің басқарма тарапынан кешенді құжат дайындалды. Ол құжат жастарды 2020 жылға дейін қолдау жол картасы. Арнайы Алматы қаласы бойынша бағдарлама әзірленді. Оны әзірлеуге жастар мен мемлекеттік қызметкерлер атсалысты. Қаламыздағы барлық сарапшы мен саясаттанушының басын қосып, кеңес өткіздік. Сондай-ақ студент, базар маңында жүрген жастардың да ой-пікірі ортаға салынды. Нәтижесінде өзімізге бес бағытты белгіледік. Ең біріншісі – сапалы білім. Ал сапалы білім алу үшін студентке барлық жағдай жасалуы қажет. Алматы қаласында 38 жоғары оқу орны бар. Еліміздің әрбір үшінші студенті алып шаһарда оқиды. Білім қаласы болғандықтан, әрбір өңірден жиналған жастар көп. Қазіргі таңда Алматыдағы жоғары оқу орындарында 138 мың студент бар. Оның ішінде 81 мың студент өзге өңірден білім қуып келген. Сапалы білім алу үшін тек қана ғимарат, білікті оқытушы аздық етеді. Сондай-ақ студенттің оқудан тыс сабаққа дайындалатын орын керек. Қазіргі таңда 94 жатақхана бар. 38 жоғары оқу орнының жетеуі ұлттық, біреуі мемлекеттік қалғаны жеке меншік білім ордасы. Басқарма тарапынан жазға таяу әрдайым мониторинг жүргізіледі. Оған тек қана мемлекеттік қызметкер ғана емес, журналистер, жастар ұйымының жетекшілері мен басқа да қоғамдық ұйымның өкілдері тартылады. Осындай мониторинг биылғы жылдың сәуір айында өткізілді.

**Жас қазақ:** Оның қорытындысы

қандай? Анықталған мәселе бойынша нақты бір шешім қабылданды ма?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Мониторингтің қорытындысына келетін болсақ, кейбір жатақханадағы бір бөлме төрт адамға арналса, алты адам тұрған. Ал кейбірінде оқу залы сынды студенттің дайындалатын орындары да бөлме ретінде берілген. Тазалық мәселесі де өзекті. Мысалы, бір жатақханадағы ас бөлмесінде 2 газ плитасы бар. Бұл дегеніңіз – бір мезетте барлық студент тамақ жасай алмайды деген сөз. Тазалыққа қатысты студенттер арасында анонимді түрде сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде студенттер ас бөлмесінде тарақан сынды жәндіктің мекен ететінін айтты. Одан бөлек, душ мәселесі. Аптасына бір-ақ рет істейді екен. Сондай-ақ кір жуу бөлмесінің ақылы түрде болуы. Ал қаламыздағы жатақхананың бірі мемлекеттік, бірі жекеменшік болғандықтан, деңгейі әр түрлі. Сонымен қатар әрбір жатақханада тұру ақысы әртүрлі. Олардың орташа бағасы жылына 15-400 мың теңге аралығына дейін барады. Тәртіп, қауіпсіздік жағына келетін болсақ, көп жатақханада бейне бақылау камерасы жоқ. Көбісінде бейне бақылау кіреберіс жерінде ғана орналасқан. Ал әрбір қабат, оқу залы, ас бөлмесі сынды орындары жоқ. Барлық 94 жатақхананы жаман деуге болмас. Олардың ішінде үлгілісі де бар. Сонымен қатар әрбір жатақхананың жөндеу жұмысы өз алдына мәселе. Кейбір жатақхана жөндеу жұмысына студенттен ақша жинайды. Міне, осындай мәселенің барлығын қозғай отырып, үлкен жиын өткізілген болатын.

**Жас қазақ:** Мониторингті жүргізген Алматы қаласының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы. Осы күнге дейін нақты қанша мәселе қаралды? Алматы қаласының әкімдігі университет ректорларымен кездесу өткізді. Осының нәтижесі қандай?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Мониторинг барысында сауалнама анонимді болса да, нақты қай жатақханада зań бұзылды? Қай комендант студентке тиіседі? Қай жатақхананың жаттығу бөлмесі үнемі жабық тұрып, студентке берілмейді? Осы тұрғыда нақты факті анықталды. Тамыз айының 15-не дейін барлық жатақханада жөндеу жұмысы жүргізіледі. Одан бөлек, қаладағы әрбір құрылым, төтенше жағдай комитеті, ішкі істер басқармасы, санитарлық-эпидемиологиялық жүйені қадағалау бөлімі жатақханаларда тексеріс жүргізеді. Әр құрылым өз ісіне қарай бақылау жасайды. Біздің басқарма мамандары15 тамыздан кейін тағы бір мониторинг жүргізеді.

**Жас қазақ:** Қазіргі таңда осы тексеру жүйесі өз жұмысын атқарып жатыр ма?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Қазіргі таңда 29 жатақхана өз жұмысының нәтижесін көрсететін актіні бізге ұсынды. Қазіргі таңда осы құжаттар қалалық санитария бөліміне тексерілуге жіберілді.

**Жас қазақ:** Күзге дейін жатақханаларды тексеріп жатқандарыңызға көзіміз жетіп отыр. Ал одан кейін жағдай қалай болмақ? Келесі жылы мониторинг жасағанша қадағалаусыз қала ма?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Біздің басқармада жоғары оқу орындары жұмысымен айналысатын арнайы бөлім бар. Бөлім барлық университетпен тікелей қарым-қатынаста. Университет тапсырған құжатта олардың қандай жұмыс атқарғандығы, жоспары туралы мәлімет бар. Біз сол мәлімет бойынша мониторинг жүргіземіз.

**Жас қазақ:** Студентті жатақханаға орналастыру жағы қалай жүргізіледі? Кей жағдайда Алматы қаласында баспанасы бола тұра, жатақханадан орын алып жатқаны туралы естиміз. Ал өзге өңірден келгендер бөлме ала алмай жатады. Осы мәселе қалай шешілуде?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Бұл жерде мәселенің басын бірден ашып айтайын. Ереженің барлығы білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітіліп келеді. Біздің басқарма мүмкіндігінше өзге өңірден келген студент пен жағдай төмен отбасыдан шыққан студентке бөлме берілу жағына басымдық береді. Алматыдағы бұрынғы трамвай депосының орнына жастардың Лофт-орталығы ашылады. Сонда жатақхананы қадағалайтын арнайы орталық құрылады. Ол жерге біз 20 инспектор отырғызамыз. 94 жатақхананы сол 20 инспектор бөліп алып, бақылауға алатын болады. Жөндеу жұмысынан бөлек, жатақхананың тыныс-тіршілігі. Студент немен айналысып жатыр? Осы сынды мәселе назардан тыс қалмайды. Жастарды түрлі қоғамдық шараға қатыстырып, өзге өңірден келген студентті Алматы қаласына бейімдеу сынды шара жүргізіледі. Алматы тек қана ірі мегаполис қана емес, еліміздің мәдени астанасы. Ірі бизнес пен жастар орталығы. Сол себептен де осы қаланың мәдениетін көркейтуге әрбір жас өз үлесін қосуы керек.

**Жас қазақ:** Шыңғыс, сіз Алматы қаласында қанша студент бар екенін атап өттіңіз. Осы студенттердің барлығының сұранысын қаладағы жатақхана қанағаттандырып отыр ма?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Алматы қаласы әкімдігі тарапынан жекеменшік жатақханасы жоқ жоғары оқу орындарымен келіссөз жүргізілді. Жатақхана салса, әкімдік су, жарық, жылу орнату жағынан көмек береді. Мәселен, Әл Фараби даңғылының бойында орналасқан Қазақ инженерлік-технологиялық университеті жаңадан бес қабатты жатақхана салуда. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының басшыларымен келісе отырып, 2020 жылға дейін 12 жатақхана салу жоспарда бар. Сол бойынша жұмыс атқарылады.

**Жас қазақ:** Жалпы университет тарапы студенттердің барлығын жатақханамен қамтамасыз етуге міндетті ме?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Қазіргі таңда әр жоғары оқу орны өз тарапынан талапкерге агитация жүргізуде. Біздің мынадай артықшылығымыз бар деп шақырады. Менің ойымша, талапкерді ең басты қызықтыратын мәселе ол жатақхана. Себебі студенттің сапалы білім алуына қажетті жағдай жасау керек. Қаламызға өзге өңірден келген 81 мың студенттің 30 мыңы жатақханамен қамтылған. Ал 50 мың студентке жатақханада орын жоқ. Әрине, кейбіреуі туысының үйіне орналасуы мүмкін. Ал қалғанының қайда тұратыны белгісіз. Ол студенттердің сабағы қаншалықты дұрыс? Үлгерімі қалай, сабақтан тыс уақытта немен айналысып жүр? Бұл да белгісіз. Кейбір жұмыс істейтін студент сабақтан қалып жатады. Ал ол студент не үшін жұмыс істейді? Пәтер ақысын төлеу үшін еңбек етеді. Осы мәселеге байланысты жоғары оқу орындарының басшыларымен келіссөз жүргізілуде. Халықаралық тәжірибені қолдануымыз керек. Мәселен, университет маңындағы жылжымайтын мүлік иелерімен келісімшартқа отыру қажет. Әрине, пәтер ақысын студент өзі төлейді. Дегенмен де үшінші тарап университет болуы керек. Студенттің кураторы апта сайын пәтеріне барып тексеріп тұрады. Осы мәселені жоғары оқу орындарының басшылармен бірге талқыға салғанымызды көпшілігі қолдаған болатын. Алдағы уақытта осы жобаны жүзеге асырсақ деген ойымыз бар.

**Жас қазақ:** Ректорлармен кездесу барысында жатақхана құрылысы мәселесінен өзге қандай мәселе көтерілді?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Әрине, өзге де мәселе қарастырылды. Оның бірі – жатақханадағы оқу залы. Қажетті кітаппен қамтамасыз ету, интернет жүйесіне қосылу сынды дүниелер де қамтылды.

Одан бөлек, қауіпсіздік мәселесіне қатысты бейне бақылау жүйесін орнату, әрбір бөлмедегі өрт қауіпсіздігін сақтау сынды шара да сөз болды. Әрбір ЖОО басшысы жатақханаға жауапты бір адамды белгілеуі керек. Әр апта сайын олар арнайы тексеріс жүргізіп отыруы қажет. Себебі кейбір жоғары оқу орнының басшысы жатақханада болып жатқан жағдайдан бейхабар.

**Жас қазақ:** Жуырда ғана қаладағы бір жатақханада бірінші курс студенті қайтыс болды. Осы сынды басқа да оқу орнындарында түрлі жағдай орын алып жатады. Жатақханадағы тәртіпті қадағалау бойынша қандай шара қолға алынады?

**Шыңғыс Бескемпіров:** Университет студентке білімнен бөлек, қоғамның бір мүшесін қалыптастыратын орын. Саналы әрі тәрбиелі адамды тәрбиелейтін ошақ. Ол үшін әрбір жоғары оқу орны өзінің ішкі жоспарын қарастыруы қажет. Студентпен үнемі тікелей қарым-қатынаста болуы керек. Әрбірімен жеке сөйлесіп, студентті не мазалайтынын, не қызықтыратынын білу керек. Қаладағы кітапханаларда жастардың қызығушылығын арттыру үшін оларды бір ортаға жинайтын орталық ашпақшымыз. Мәселен, Алматыдағы Ұлттық кітапханада жастар дебат клубын аштық. Ол жерде студенттер апта сайын кездесіп, дебат ұйымдастырып, пікір алмасады. Былтырдан бастап «Ұрпақ сабақтастығы» жобасын ұйымдастырып келеміз. Онда студенттер белгілі тұлғалармен кездесіп, әңгіме құрып, өз ойын ортаға салады. Алдағы уақытта жаңа оқу жылы басталысымен апта сайын осындай кездесуді ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз.

**Сұхбаттасқан Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ**




**Қаламызға өзге өңірден келген 81 мың студенттің 30 мыңы жатақханамен қамтылған. Ал 50 мың студентке жатақханада орын жоқ. Әрине, кейбіреуі туысының үйіне орналасуы мүмкін. Ал қалғанының қайда тұратыны белгісіз. Ол студенттердің сабағы қаншалықты дұрыс? Үлгерімі қалай, сабақтан тыс уақытта немен айналысып жүр? Бұл да белгісіз. Кейбір жұмыс істейтін студент сабақтан қалып жатады. Ал ол студент не үшін жұмыс істейді? Пәтер ақысын төлеу үшін еңбек етеді. Осы мәселеге байланысты жоғары оқу орындарының басшыларымен келіссөз жүргізілуде.**

ИГІ БАСТАМА

***Жапониядан басқа өзге мемлекетте баламасы жоқ, бірегей кәсіпорын енді Алматыда да пайда болады. «Алатау» ауданындағы индустриалдық аймақта Tokyo Rope Manufacturing трансұлттық корпорациясы желісі саналатын инженерлік қауіпсіздік жүйесін өндіретін жоғары технологиялық зауыттың құрылысы басталды.***

# Іргетасы қаланды

Қала әкімі Бауыржан Байбек «Алматы инновациялық тұрғыда қарқынды дамып келе жатқан қала ретінде қолайлы инвестициялық климатқа ие. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда, сырттан келетін инвестициялар көлемі 25 пайызға артты», – деп мәлімдеді. Tokyo Rope Manufacturing трансұлттық корпорациясының басшысы Шигето Танаки «Бұл Жапониядан тыс орналасқан ірі әрі әлеуеті зор зауыт болады. 4 га аумаққа орналасатын зауыт құрылысына қазірдің өзінде 3,6 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылды. Тау-кен жұмыстарына арналған болат және металдан дайындалатын әртүрлі өнімдер дайындайтын зауыттың жылдық қуаты 17 мың тонна болады деп жоспарланып отыр. Шикізаттың басым бөлігін елімізден алатындықтан, бұл өнім бағасын бірқалыпты ұстауға көмектеседі», – деп пікір білдірді.

Айта кету керек, 130 жыл бұрын іргесі қаланған Tokyo Rope компаниясы өз саласында әлемдік жетекші кәсіпорын саналады. Жер шарындағы ең ірі 20 көпірдің 12-сінің құрылысына жапондық компанияның өнімі қолданылған.

ТЫНЫС

# Жаңа ауданда жаңалық көп

***Жуырда Алматы қаласының Наурызбай ауданында 500 орынды жаңа емхана салтанатты түрде ашылды. Оның ресми ашылуына қала әкімі Бауыржан Байбек қатысты. Жаңа медициналық мекемені «Туған жер» бағдарламасы аясында жергілікті кәсіпкерлер салды. Емдеу орталығында алғашқы медициналық–санитарлық көмекпен қатар обыр мен асқазан ауруларының белгісін анықтайтын скринингтік зерттеу жүргізу жоспарланған. Мұнда рентген диагностикасы, офтальмология, оториноларингология кабинеттері ашылған.***

Күзде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін сауықтыру кабинеті жұмыс істейтін болады. Емханада, сондай-ақ электрондық тіркеу, Call-орталық пен Наурызбай ауданының тұрғындары үшін жедел медициналық бригада қызмет көрсетеді. Сондай-ақ жақында «Қалқаман» ықшамауданында 200 адамға, Таусамалы ауылында 500 адамға арналған екі емхана ашылады.

Алматы әкімі Бауыржан Байбек Наурызбай ауданын аралаған кезде салынып жатқан 1200 орынды мектептің, АІД, аудандық әкімдік, ХҚКО, АХӘТ, прокуратура, сот және басқалары орналасатын кешен

құрылыстарының барысымен де танысты. Қала басшысына бұл нысандардың барлығы осы айдың аяғына таман дайын болатындығы, қазіргі кезде ішкі әрлеу мен нысандар айналасын абаттандыру жұмысының жүріп жатқандығы айтылды.

Биыл Наурызбай ауданында жаңа көпқабатты үйлер салу, Абай даңғылын Әуезов көшесінен Қалқаман елді мекенінен қала шекарасына дейін созу, Жандосов көшесін Сайын көшесінен Таусамалы поселкесіне дейін жаңарту, Қалқаман және Алты алаш елді мекендерінде 30 көшені жөндеу, 33 жол салу жұмысы жүріп жатыр.

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Арпалыс

# АЩЫ СУДЫҢ АЗАБЫ

Алайда бұл олардың анасынан безінгені емес, жүрегі езілгені үшін барған төуекел қадам болатын. Содан бері не өзгерді? Анасы есін жиып, ішімдіктен арылған. Бұған біз Алматыдағы наркологиялық медицина-әлеуметтік түзеу орталығына барғанда көз жеткіздік.

### ЕСІРТКІДЕН АРАҚҚА

Бастапқыда есірткіден аракқа өтетіндердің жағдайы туралы сөз қозғадық. Соның бірі – жасы елуге таяп қалған Жанайдар (аты өзгертілді). Ол бұл орталыққа бірінші рет келіп тұрған жоқ. Біраз уақыт бұрын нашақорлықтан емделіп шыққан болатын. Бұл жолы ішімдіктен, біржолата бас тарқысы келеді. Оның бұл жағдайға қалай тап болғанын өзі айтып берді.

Жанайдар «Маңғыстау облысының тумасымын. Алматы қаласында тұрамын. Сегіз балам бар. Ішкілікке салынудан бұрын есірткіге құмар болдым. Мен негізі анаша шегуді достарыммен жүріп үйрендім. Ол кезде небәрі 16 жаста болатынмын. 29 жастан кейін геройнге үйір болдым. Алдымен иіскеп көрдім. Уақыт өте келе ине арқылы тамырыма сала бастадым. Содан кейін нашақорлық дертіне біржола тұтқындалып, осы мекемеде емделіп шықтым. Бірақ ұзақ жүре алмадым. Есірткіге деген құмарлығымның орнын арақ басты», – дейді. Әрине, өкінеді. Бірақ өзегін өртеген өкінішін өзгеге көрсеткісі келмейді. Осы жолға тап болғанына ешкімді кінәламайды. Тек жастар менің жолыма түспесе екен деген тілегі бар. Керісінше, спортпен шұғылданып, бос уақытын тиімді жұмсаса деген ниеттін жасырмады бізден. Енді әуелгі кейіпкеріміз Сағынышқа қайта оралайық.

Жанайдар

### «ҚҰРБЫ-ҚҰРДАСТАРЫМ ӘСЕР ЕТТІ»

Мен жолдасыммен ажырасқаннан кейін арақ іше бастадым. Ал біздің ажырасуымызға себеп болған дүние – оның есірткіге деген тәуелділігі. Оны емдетіп те көрдік. Нәтижесі болмады. Екі қызымыз бар. Мамандығым – технолог. Мамандығым бойынша да қызмет істедім. Кейіннен саудаға көштім. Саудада жүріп, әр түрлі дос-құрбы таптым. Ішкілікке салынуыма өзімді кінәлаймын. Алайда араласқан ортаға да байланысты екен. Өйткені, саудада ақша күнде түсіп тұрады. Кешке жұмыстан кейін сауық-сайран, күнделікті қыдыру әдетке айналды. Міне, мен сол кезден бастап іше бастадым. Бұрын да ашы судан бас тартпайтынмын. Бірақ ол тек атаулы күндерде ғана болатын. Қазір жасым 52-де. Соңғы екі жылда аракқа қатты салынып кеттім. Бұл жерге үлкен қызым алып келді. Оның жасы 32-де. Екі немерем бар. Ал кіші қызым 22 жаста, студент.

### «ҚЫЗДАРЫМА ӨКПЕМ ЖОҚ»

Қыздарымның мені осында алып келіп, емдетіп жатқанына жүрегім езіліп кетеді. Олар маған соңғы рет «Анашым, өзіңе-өзің көмектеспесең, біз саған ешқандай көмек бере алмаймыз. Басқа да ем жасап көрдік. Мүмкін осында 6 ай жатып емделсеңіз, ойланатын шығарсыз» – деді. Бұйыртса, қыркүйекте шығамын. Ойланатындай уақыт болды. Бес айдан бері жатырмын. Көпшілік айтады: «Әйел адам ішіп кетсе, емделмейді», – деп. Бұл сөзбен келіспеймін. Менің өзімді тоқтатуға шамам келеді. Жұмыс та істеймін. Немерелерім үшін өмір сүріп жүрген адаммын. Мүмкін, жақсы адам кездесіп жатса, тұрмысқа да шығармын. Ашы суды бірге ішкен базардағы құрбыларымды іздемеймін.

### ІШУГЕ СЫЛТАУ ТАБЫЛАР

Арақты аз тұтынатын елден емеспіз. Ресми деректер ашы суға үйір мемлекеттердің қатарына жатқызады бізді. Әрине, бұл айықпас дертпен күресу үшін бірқатар шара қолға алынған. Олай болмаса, ұлттың азғындауы мен құлдырауына алып келетін көрінеді. Өкініштісі сол, қандай амал қолдансақ та, ішімдікке тәуелділік әлі азаймай отыр. Той-томалақтың ішімдіксіз өтуі өте сирек. Ал кез келген дүкеннен бір емес, бірнеше түрін таба аласыз. Әрине, қалтаңда ақшаң болса, қалағаныңды аласың. Ал егер ақшаң болмаса, тойдан табасың. Мұнда да өзің отырған дастарханыңа сан алуан түрін ұсынады. «Бүгінгі қуанышта ішпесең, қашан ішесің», – деп сұрақтың астына алатыны тағы да бар.

Алматы қалалық наркологиялық медициналық-әлеуметтік түзету орталығындағы мәжбүрлі түрде емдейтін бөлімшенің жетекшісі Құмарбек Қожекеновтің айтуынша, ішімдікке әуестенгендер ешқашанда маскүнем боламын деп ойламайды. Біреуі қуаныш үшін, екіншісі қызық үшін, үшіншісі жеке басының қайғысын көтере алмай, өзін жұбату үшін ішеді. Бұл бөлімше аты айтып тұрғандай, ішімдікке салынған адамды мәжбүрлі түрде емдейді. Дәрігердің сөзіне сенсек, маскүнем мен нашақорды деңгейіне байланысты емдейді. Мәселен, адам көп ішіп кетсе, белгілі бір уақытта шаршайды. Ол мүлдем іше алмай қалады. Содан кейін абстиненттік синдром пайда болады. Ондай науқасты міндетті түрде – мәжбүрлі түрде емдеу бөлімшесіне жатқызу керек. Себебі олар не жұмыс істей алмайды, не ұйықтай алмайды. Тамақ та іше алмайды. Орталықта бірінші кезекте олардың ағзасын улы заттан тазартады. Оның жүйке жүйесін, жүрек, бауыр және бүйрегін қалпына келтіреді. Науқас 10-15 күн емделіп шыққан соң, бейімдеу орталығына жіберіледі. Екі айға жуық психологтар пен психотерапевтің қарауында болады.

Сағыныш

Қ.Қожекенов

Қ.Қожекенов «Бұл жерде емделіп шыққанның 30-40 пайызы түбегейлі ішімдікті қойып кетеді. Көбіне мұндай адамдар өз еркімен келіп, емделгендер. Ал қайта келетіндер де бар. Мысалы, бізден шыққан соң, ол жұмысқа бірден орналаса алмайды. Содан кейін ол өзінің ортасына қайтадан барса, тағы іше бастайды. Ақыры болмаған соң туысы бізге арыз жазып алып келеді. Сосын біз 6 айдан 18 айға дейін маскүнемге мәжбүрлі түрде ем жүргіземіз. Бұлардың бәрі бізге сот шешімімен келеді. Өз еркімен қоя алмағаны осылай емделеді. Арақ жақсылыққа әкелмейді. «Мен қойғым келеді», – деп өз еркімен келетіні де кездеседі. Көбінесе осындай азаматтар аракты біржола тастап кетеді.

### ЕСІРТКІГЕ ІЛІККЕН

Біздің орталықта есірткіні қойып кетіп жатқаны да бар. Өкінішке қарай, есірткіден бас тартып, ішкілікке салынғаны жиі кездеседі. Себебі есірткі алуға шамасы келмей, ішімдікке салынып кетеді. Оның үстіне есірткіге заң жүзінде тыйым салынған. Сотталып кетуден қорқады. Емделушінің 60-70 пайызы осылайша маскүнемдікке ұрынады. Орталықта ішімдікке салынған 30 жасқа дейінгі жастар да бар.

Биылғы жылы профилактикалық есепте тұратын ішімдікке салынған 17 жасөспірім бар. Ал есірткіге еліккендердің саны – жетеу. Егер бір жыл бойы ішімдікке салынбай, өзін дұрыс ұстап жүрсе, біз оларды есептен шығарып тастаймыз.

### «ШЕНЕУНІК ПЕН АРДАГЕР ДЕ БАР»

Нашақорлық тұзағына түскендер 19 жастан 50 жасқа дейінгілер. Ал ішкілікке салынғанның көбі – зейнет жасындағылар немесе зейнет жасына жақындап қалған азаматтар. Олар сол бұрыннан ашы суға үйір болып келе жатқандар. Тіпті 15-20 жылдан бері есепте тұрған адамдар бар бізде. Олардың ішінде 5-6 пайызы мемлекеттік қызметте жұмыс істегендер. Қазір біздің бөлімшеде жатқан емделушінің төртеуі жоғары білімді. Оның біреуі – Алакөл жақтағы бір ауылда әкімнің орынбасары болып қызмет атқарған азамат. Одан кейін Ауған соғысына қатысқандар да жиі кездеседі.

**Руслан ДОСТАЕВ,**
*Алматы қаласы*

---

Парыз

# ЕРЛІК МЕКТЕБІ

Әскер – қазақстандық патриотизмнің, достық пен ержүректіліктің идеологиялық мектебі. Осы аптада Ұлттық ұлан 6636 әскери бөлімінде Ақмола гарнизоны әскери прокуратура және бөлім басшылығының ұйымдастыруымен «Әскерде қылмысқа орын жоқ» бағдарламасын іске асыруға бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде әскери қызметшілер арасында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру» атты дөңгелек үстел өтті.

Оған Ақмола гарнизоны әскери бөлім командирлері, олардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары, Ақмола гарнизоны әскери прокуратура қызметкерлері, гарнизонның әскери полиция басшылары, әскери психологтар, қорғаныс істері бөлімдері басшылары, Астана қаласы ішкі саясат басқармасы бөлім басшылары қоғамдық ұйымдар *(«Жас Отан», «Ауған соғысы ардагерлері»)* өкілдері, әскери басылым редакторлары қатысты.

Дөңгелек үстелде өз ойымен бөліскен Ақмола гарнизонының әскери прокуроры әділет полковнигі Данияр Жұмаділов «Адам баласы жылы шырай ортадан қол үзгенде, ол басқаша ойлай бастайды. Әскерге қызмет атқаруға келген көптеген жас жігіт үйлеріне жоғары білім алам, отбасылы болам, жұмыс істеймін, жақындарыма көмектесем, тәртіп пен заңды құрметтеймін деген ізгі ойларымен қайтады. Менімен жолыққан жастардың көбісі әскерге шақырылмас бұрын басқа ойда болғанын және кейбірі сол теріс ойдың жетегінде құрдымға кетер ме едім деп ағынан жарылып жатады. Міне, осы әскери өмірдің әсерінен олар биік межені бағындырам, басқалармен бірдей жақсы болам деген ұстанымға келеді. Осындай ізгілікті ой тек әскерде ғана емес, жалпы алғанда, қоғамның барлық сатысында қалыптасқаны абзал. Мектеп болсын, жоғары оқу орындарында, еңбек ұжымында, жаңұяда жастар жақсы азамат болып тәрбиеленуі жөн», – дейді.

Ал Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Савердин Имиров «Біз өз жастарымызды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық ұланның жеке құрамымен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басшылық құжатында көрсетілгендей, ұландық жауынгерлердің негізгі қасиеті – батылдық, ержүректілік, елжандылық, қырағылық болып табылады. Осындай сарында оларды тәрбиелеуіміз қажет, – деген ойын жеткізді. Оның айтуынша, әскер – қазақстандық патриотизмнің, достық пен ержүректіліктің идеологиялық мектебі.

Сонымен қатар дөңгелек үстелдің күн тәртібінде ел дамуындағы негізгі басымдықтарды жеке құрамға түсіндіру бойынша идеологиялық жұмысты тәжірибеде қолдануды ұйымдастыру, әскери-құқықтық қорғау және жергілікті билік мекемесі өкілдерінің өзара тәжірибе алмасуы, сондай-ақ әскери қызметшілер арасында жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселесі қарастырылды.

**Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,**
*Астана қаласы*

---

Кеңес

# ӘСКЕР hәм ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ

Қоғамның азаматтық және әскери орта болып, екіге бөлінетіні баршаға аян. Әскери ұжым, сол азаматтық қоғамды қорғауға, оған төнген қауіптен араша болуға міндеттелген орта.

Әскери ортаның өзінің қалыптасқан құндылығы, талабы, дәстүрі бар. Ерекше міндеттемелер жүктелген соң азаматтық өмірге қарағанда сұраныс та, жауапкершілік те жоғары.

Ал әскери ортада қоғамдық ұйымның атқаратын қызметтік міндеті зор. Атап айтқанда, олардың қатарында – Әйелдер кеңесі, Ардагерлер кеңесі, офицерлер және келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілердің жиыны, Жастар белсенділігі орталықтары ұжымдағы белді міндетті атқаратыны рас. Мәселен, бұл қоғамдық ұйымдар тәрбие ісінде таптырмас негізгі тұтқа. Ардагерлер кеңесін алайық, бұл қоғамдық бірлестіктің негізгі қызметі де тәрбие ісімен қат-қабат астасып, тармақталып жатыр. Үлгі-өнеге дегеннің барлығы да аға буынның жас буынға үйретуімен үйлесімін табатыны сөзсіз.

Ал офицерлер құрамы мен келісімшарт негізіндегі қызметкерлердің басын қосқан алқалы кеңес әр түрлі мәселені түбегейлі шешудің ұйытқысы. Мәселен, қуанышқа, не болмаса алда жалда қайғыға жолыққан әріптестеріне көмек көрсету, болмаса тәртіптсіздіктің алдын алу, болмаса тағысын тағы өмірдің ағысынан туындайтын сансыз жағдайға байланысты шұғыл шара, реттеушілік мақсаттағы міндетті әуелі осы ұйымдар жүзеге асыратыны белгілі. Ал жас сарбаздардың арасында жастар белсенділігі орталығының атқаратын ісі ұшан-теңіз әрі ауадай қажет дүние.

Жуырда Ұлттық ұлан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының 5571 әскери бөлімінде өңірлік қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары полковник Сабыржан Сүлейменов оңтүстік астанадағы әскери бөлімдердің қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесу ұйымдастырды.

Өңірлік қолбасшылықтың бас тәрбиешісі, алдымен шараға қатысушылардың атқарып отырған ісіне зор мән бере келіп:

– Сіздер күнделікті қызметтік-лауазымдық міндеттерініздің өзге осы ұйымдар арқылы ұжымдағы достық, татулық, тәртіп, адамгершілік құндылықтарын насихаттауға, ұжымдағы моральдық-психологиялық жағдайды қалыпты деңгейде ұстауға зор үлес қосып келесіздер. Алқалы жиынға жиналуымыздың басты себебі – алдағы жұмысымызды бір жүйеге келтіру, ортақ пікір алмасу, жетістікке жеткен әріптестеріміздің оң тәжірибесін талқылау болып табылады, – деп атап өтті.

Соңында лауазымды тұлға өзінің міндетін үлгілі атқарып, ұжымды патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне ерекше үлес қосқан әскери қызметшілерге Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Мұхаметқали Сатовтың Алғыс хатын табыс етті.

**Арман ӘУБӘКІРОВ,** *майор*
*Алматы қаласы*

8 ЖҚ КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құлаққағыс

# ТҰЗАҚҚА ТҮСПЕУДІҢ АМАЛЫ

**Бүгінгі ғылым мен технологияның дамыған заманында баршамызға ақпарат тарату құралының кең тараған түрі – ғаламтор желілері. Мұның пайдалану үрдісі де әртүрлі. Өйткені, бүгінгі жастардың санасы мен психологиясы һәм тұрмыс-тіршілігі ғаламтор әлемімен тығыз байланысты екені белгілі. Осы ретте отандық дін ғалымдары ғылым мен білім, тағылым жолында іс жүзінде мешіт-медреседе және өзге де діни орында уағыз-насихат жұмысын жүргізген уақытта радикалдық топтар ғаламтор желілері арқылы дәстүрлі емес, экстремистік идеологияларын таратуға кірісті. Жастарымыздың бір бөлігінің ғаламтор желілері арқылы теріс идеологияның арбауына тез ілініп, қолшоқпары болып кеткені де рас.**

Осы орайда, жат ағымдардың интернет желісін пайдалану тәсіліне тоқталғанымыз жөн. Күнделікті тұрмыста тепсе темір үзетін жастарымыз жаңа заман технологиясын жаппай пайдалануда. Тіпті 8-9 жастағы бүлдіршіндердің өзі компьютер, смартфон т.б. құралды ата-анасынан да жақсы біліп, меңгеріп алған. Бүгінгі жастар интернет әлеміне емін-еркін кіреді. Жеке аккаунтын ашып, кез келген ақпаратқа қол жеткізе алады. Міне, осы кезде діни сауаты, таным-түсінігі қалыптасып үлгермеген буынның теріс пиғылды топтың тұзағына түсіп қалуы да оп-оңай. Соңғы жылдары Таяу Шығыста белең алған лаңкестік әрекеттер мен танылған «ДАИШ» содырларының да жастарды арбау әрекеті осы ғаламтор ресурсы арқылы, соның ішінде әлеуметтік желілерде жүзеге асырылуда. Олар ғаламтор кеңістігін тиімді пайдалана отырып, жалған ұранымен дінді бұрмалап, жастарға ықпал етудің түрлі жолын жасайды. Радикалды ағымдар жастарды арбауда көбінесе «Facebook», «Вконтакте», «Одноклассники» т.б. осы тектес желіні қолданады. Экстремистер әлеуметтік желіде күндіз-түні жастарды андып, олардың өмірлік көзқарасы мен дүниетанымын зерттей келе, өз айла-тәсілімен санасын сан түрлі жолмен арбауға тырысып бағады. Дегенмен, әлеуметтік желідегі жат ағымның айласымен таныс болған соң, әрбір ата-ананың ойына келетіні – мұндай келеңсіздікке тосқауыл қоюға қамдану. Баланы қадағалау немесе әлеуметтік желіге шектеу қою қалай жүзеге асады?

1. Әрбір ата-ана алдымен ғаламтор желісін өзі пайдаланып, әрдайым баласымен тығыз байланыста болуы керек;

2. Баласынан әлеуметтік желідегі жеке аккаунтының құпия сөзі мен логинін алып, әрдайым кіріп қадағалап тұрғаны дұрыс;

3. Баланың парақшасына әрдайым кіріп, жазбасына қарап, рухани дүниетанымын үнемі қадағалаған абзал;

4. Парақшасында экстремистік және террористік жазба болса, дереу психолог немесе дін маманымен хабарласу қажет;

5. Баланың тіркелген бірлестігін қадағалау керек. Әдетте, жат ағымдар бірлестікке жастарды тіркеу арқылы идеологиясын таратады;

6. Дін істері комитеті («Е-ислам») және ҚМДБ – (muftyat.kz) қарамағындағы сенімді сайт пен бірлестікке тіркеліп, ресми мекемемен тығыз байланыс орнатқанның да артықшылығы мол;

7. Дін мәселесінде сұрақ туындаса, сенімсіз бірлестіктен, яки, радикалды бағыттағы арбаушыдан сақтану керек;

8. Отандық ғалым, маман және сарапшылармен байланыс орнатқан жөн;

9. Тек сенімді бірлестікке тіркелу қажет;

10. Кез-келген күдік туғызған сұрақты fatua.kz, «Е-ислам» ресми сайттарына жолдап немесе 114 қауырт желісіне қоңырау шалып, анық жауабына көз жеткізген дұрыс.

Осындай реттілікпен баланы теріс бағыттан сақтандыру шарасын әрбір ата-ананың жүзеге асыруына мүмкіндігі бар. Сонымен қатар ғаламторда діни уағыз-насихатты таратушы ақпараттық дерекке назар аударған дұрыс. Өйткені, отандастарымызға әлеуметтік желіні пайдалану барысында дұрыс ақпарат алу үшін, сенімді порталдан ақпарат алуға сілтеме негізінде ұсынылады. Сондай-ақ ғаламтор арқылы лаңкестік пен экстремизм идеологиясы және басқа да түрлі жат пиғылды ағымға қарсы жастар арасында иммунитет қалыптастыру – маңызды міндет. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы тарапынан бірнеше республикалық ақпараттық-насихат топ (РАНТ) мүшелері дәстүрлі дінімізді насихаттап, діни уағыз-насихат жұмысын атқаруда. Ал ғаламтор желілерінде тек РАНТ мүшелері мен мешіт имамының уағызын тыңдап, дәрісіне құлақ салу ең дұрыс таңдау болмақ.Тағы да айта кетейік, ғаламтордағы, әлеуметтік желідегі ақпаратқа өте мұқият болып, кез келген мәселенің дұрыс-бұрысын дін маманынан сұраған абзал! Сондай-ақ желідегі ең сенімді бірлестікті ғана пайдаланып, қандай да сауал туындаған сәтте «Е-ислам», muftyat.kz, fatua.kz сайттарына жолдауға болады.

**Серік ТӘЖІБАЕВ,**
*дінтанушы*

Тура жол

**Салафизм – қазақ қоғамы үшін әбден жауыр болса да әлі қауіп-қатерін жоймаған өткір мәселе екендігі белгілі. Ілкіде жұрттың көз алдына «салафизм» десе, дәйім – «бидға», «ширк», «кафир», «тағут» деген сөзді жиі қайталап, жұрттан іргесін бөліп, саяқ кететін сықпыты суық, қырма мұрт, қауға сақал, қысқа балақты рабайсыз кейіп-кескін елестейтін. Көпшілік олардан пәлендей қауіп көрмей, ел ішінде бірді-екілі телі-тентектің болатыны секілді салафиді де қатты айтатын діннің сотқары ғой деген рәуіште бағалап, бұл өте-мөте шетін мәселе болса да, оған ағымдағы өткінші жәйттің бірі ретінде қарайтын.**

# САЛАФИЗМ немесе САНАҒА ТҮСКЕН ҚАРА ДАҚ

Алдағы уақытта қара құйын пәлекет тудыруы бек мүмкін салафизм мәселесіне біз осылайша самарқау қарап келдік. Салафизмнің қоңсы елдердің тынышын алып, тұнығын лайлағанын айтпай-ақ қояйық, 2000-жылдардан бері ел ішінде орын алған сойқандар осы самарқаулығымыздың салдары екенін бүгін еріксіз мойындауымызға тура келеді. Әсіресе, 2011 және 2012 жылдары орын алған Ақтау, Балқаш, Шұбарши, Тараз және Ақсай шатқалындағы қанды оқиға, Сирия сұрапылына «жиһад» деп аттанушылар, өткен 2016 жылғы Ақтөбе және Алматы қаласындағы лаңкестер ланы – ел тарихында қасіретті шежіре болып хатталды.

Әлбетте, салафизмге қарсы күресте тиісті құзырлы мекеме мен лауазым иелері табансыздық танытты немесе пәрменді күрес жүргізбей отыр деуден аулақпыз. Бүгінде салафизмнің қоғамға қауіптілігі әр қырынан зерттелініп, мәселеге қатысты діни және құқықтық тұжырым әзірленіп, мәселенің түбегейлі шешімі қарастырылу үстінде. Мысалы, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) мамандары салафизм идеологиясының доктриналдық және канондық негізінің дәстүрлі әһлу сунна бағытымен үйлеспейтінін айтып, ұдайы діни жамағатқа құлаққағыс жасап келеді. Қазір бұл бағытта білікті мамандардан тұратын 6 ақпараттық-насихаттық қосын құрылып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы күнге дейін аталмыш қосын мүшелері әр түрлі аудиторияда бұқара халықпен кездесу өткізіп, оның ішінде 100-ден астам салафизм сенімін ұстанушы азаматты райынан қайтару мақсатында нәтижелі жұмыс істеді.

ҚМДБ Ғұламалар кеңесі және республикалық ақпараттық-насихаттық топ (РАНТ) мүшелері салафизм ағымының ақида және фикһтық ұстанымының дәстүрлі Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебіне қайшы келетіндігі туралы ақпарат құралында көптеген ғылыми-танымдық мақала жазды. Ғаламтор ресурстарында теріс діни ағым өкілінің жаңсақ ұстанымын әшкерелейтін бірқанша бейне-дәріс пен диспут жариялады. Яғни, мәселе түбегейлі еңсерілмесе де діни басқарма тарапынан дәтке қуат боларлық тиімді шара жасалуда.

Салафизмге қарсы күрестегі мемлекеттік билік тарапынан қабылданған маңызды шешімнің бірі – 2014 жылы ақпан айында Астана қаласы Сарыарқа ауданы сотының шешімімен салафизм идеологиясының негізгі қайнар-көзі болып саналатын Мұхаммед Әбдулуаһабтың «Үш негіз» трактатының *(Ибн Усаймин. «Шарх әс-саласат-ил-усул»)* түсіндірмесі, сондай-ақ сол жылдың тамыз айында салафизм идеологиясына негізделген «әт-Тәкфир уәл Хижра» ұйымы экстремистік деп танылды. Бұдан өзге 2015 жылы Астана қаласы Сарыарқа ауданының соты идеологиялық негізі салафизм ұстынынан тұратын «ән-Нусра» және «Ислам мемлекеті» (ДАЙШ) ұйымын экстремистік деп танитындығы жөнінде шешім шығарды. Елбасымыз Н.Назарбаев та 2016 жылы 5 шілдеде орын алған Ақтөбедегі қанды оқиғаны: «Дәстүрлі емес діни ағым – салафизмнің зұлымдық әрекеті» – деп айыптады. Яғни мемлекеттік билік тарапынан салафизм идеологиясы экстремистік деп танылып, оны ауыздықтауға құқықтық-санкциялық күші бар шешім қабылданды.

Салафизм ағымының елімізге қандай жолмен таралып жатқанына назар аударатын болсақ, шетелдік кәззаб-шейхтардың атынан шыққан діни әдебиет жастарды елітіп, олардың таным-түйсігіне екпінді әсер етуімен және құжырадағы шала сауатты идеологтары жүргізген насихат арқылы таралып жатқандығы аңғарылады. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі діни мазмұндағы ақпаратты сүзгіден өткізіп отыру үшін арнайы Ереже қабылдады *(ҚР МСМ № 162 Ереже, 13 желтоқсан 2014 ж)*. Осы ережеге сай сараптама жүргізуші мемлекеттік мекеме қазір кез келген діни ақпаратты қамтыған нысанды сараптамадан өткізіп, оң не теріс қорытынды берумен теріс діни ақпараттың таралуының алдын алуға ықпал етеді. Сондай-ақ жекелеген тұлғаның салафизм идеологиясының насихаттауына жол бермес үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 490-бабының 1-ші және 3-ші тармағында «рұқсат етілмеген діни жиынды өткізу» және «миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асыру» бойынша елу және жүз айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу бекітілді.

Салафизмнің таралу қайнар-көзінің бірі – шетелдік діни оқу орындары екені белгілі. Осыған жол берілмеу үшін білім және ғылым министрлігі шетелде діни білім алуға рұқсат етілген ЖОО-дың тізімін бекітті. Аталмыш ЖОО-ның тізімі ҚМДБ-мен келісе отырып жасалды. Яғни ел азаматтары ҚМДБ-ның діни ұстанымындағы Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебіне сай білім беретін шетелдік оқу орнында ғана діни білім ала алады. Сонымен қатар мешіт имамдары және ақпараттық-насихаттық топ мүшелері жастардың өз отанымызда діни білім алуын ұдайы насихаттауда. Еліміздегі діни білім алудың балама көзі ретінде отандық 9 медресе-колледжі және Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетін атап көрсетуге болады. Одан өзге алты бірдей ЖОО-да дінтану бөлімі жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта елімізде дінтанушы және исламтанушы маманды дайындаудың бакалавриат, магистратура, PhD докторантура жүйесі қалыптасты.

Салафизм идеологиясының кең таратушы құралдың санатына ғаламтор сайттары және әлеуметтік желіні жатқызуға болады. Бұл жөнінде Э.Визинтайнер өз зерттеуінде: «Терроризмнің соңғы жылдары интернет мүмкіндігінің, оның ішінде «әлеуметтік желі» түріндегі ақпарат көзінің ерекшелігін кеңінен пайдалануға басымдық беріп отырғаны кездейсоқтық емес» – деп дін атын жамылған лаңкестің заманауи технократиялық ресурсты өз кәдесіне жаратып отырғанын атап өткен болатын. Сондай-ақ өткен 2016 жылы белгілі саясаттанушы Е.Карин да редакциясы шетелде орналасқан бәзбір әлеуметтік желінің діни экстремизмді таратуға қызмет етіп отырғанын ашып айтқан еді. Елбасы Н.Назарбаев биылғы 2017 жылғы халыққа Жолдауында діни экстремизмнің ғаламтор арқылы таралуына тосқауыл болу үшін «кибер қалқан» құру керектігін алға тартты.

Расында да, қазір көптеген елдер «кибер қалқан» құру арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп отыр. Дамыған мемлекеттердің тәжірибесінде ғылыми тұрғыда дәйектелген осы құралды тиімді қолдана алсақ, бұйырса біздің еліміз де діни теріс идеологияның ғаламтор арқылы таралуының алдын ала аламыз.

Елбасымыз көктемде, ҚМДБ имамдарымен кездесуінде: «Қазақстанның аумағы ұлан-байтақ және табиғи қазба байлық пен ресурсқа бай екені баршаға белгілі. Осының бәріне қызғанышпен қарайтындар да бар. Олар – бізге қастық ойлап, қоғамымыздың ынтымағын бұзуға тырысушылар. Халқымыздың арасына теріс діни ағымды енгізу бізге сырттан ықпал етудің бір тәсілі болып саналады. Соңғы уақытта осындай үрдіс байқалып отыр. Біз мемлекетімізге қауіп төндіретін кез келген құбылыспен күресуге тиіспіз. Сондықтан сіздердің алдарыңызда зор міндет тұр» – деп діни ахуалды реттеудің қаншалықты маңызды екеніне екеніне тоқталған болатын.

Осыған орай, мемлекеттік құзырлы мекеме мен ҚМДБ салафизм идеологиясының алдын алудың тиісті алғышартын жасап, қабылданған шешімге сәйкес табанды күрес жүргізуге кірісті. Еліміздегі салафизм қаупі әдепкідей қою болмағанмен, құлан-таза сейілді деп айта алмаймыз. Ақтөбе, Атырау, Сәтбаев, Екібастұздағы сірескен діни ахуал әлі өзгерген жоқ. Біз мәселені түбегейлі еңсеру үшін идентификациялық зайырлылық үлгісін қолдануымыз керек деп білеміз. Егер, мемлекеттік құзырлы мекемелер немесе қоғамдық ұйымдар өз алдына дербес жоспармен діни экстремизммен күрессе, одан ұтылатынымыз айдан анық. Сондықтан, әкімшіліктерге қарасты Дін істері басқармасы мен «Дін мәселелерін зерттеу» КММ орталықтары, құқық қорғау органдары және ҚМДБ қызметкерлері салафизмге қарсы тізе қосып *(идентификация)* күресуі қажет.

Осы тұрғыда ортақ мүддеге жұмыс істейтін жаңа басымдыққа деген қажеттіліктің бар екендігі айқын сезіледі.

**Мұхан ИСАХАН,**
*теология ғылымының докторы*

Құрық

**Батыс Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпке қарсы қылмысқа барған 8 адамға қатысты үкім шығарды.**

# ЖАТ КӨҢІЛДІҢ КӨЛЕҢКЕСІ

БҚО сотының баспасөз қызметінен түскен мәліметке қарағанда «Тәкфір» уаһапшылдық ағымдағы радикалды дәстүрлі емес ислам дінін ұстанатын Жаңақала ауылының (БҚО, Жаңақала ауданы) тұрғыны Ф.Ғабдешев 2016 жылдың шілдесінде осы ауылда тұратын А.Жантасов, Т.Қисметов, А.Қайырғалиев, М.Бижанов және Н.Арыстановтың басын қосып, лаңкестік топ құрған. Елімізде тыйым салынған халықаралық «ИГИЛ» лаңкестік ұйымының идеясын насихаттау мақсатында құрылған топ мүшелері, сондай-ақ И.Әбекенов, М.Рахметуллин ұйымның жалауын дайындап, соның алдында суретке түскен. Сосын жалауды автокөлік терезесінен шығарып, отбасымен Жаңақала ауылынан 10 шақырым жердегі Сорқөлдің жағасына барған. Сол жерде жалауды жерге қадап, сұқ саусағын көкке шошайтып, қарулы жиһадқа шақыратын «ИГИЛ» идеясын жақтайтын ұран айтып, айқайлай бастаған.

*Foto: serke.org*

Бұдан басқа, сол жылдың шілдесінде үйіне жиналған лаңкестік топ мүшелері тамыздың соңында немесе қыркүйектің басында Жаңақала аудандық ішкі істер бөлімінің ғимаратында лаңкестік актісін жасауды жоспарлаған. Аталған топтың қатысушысы болмаса да, И.Әбекенов пен М.Рахметуллин лаңкестік актісінің дайындалып жатқанын біле тұра, оны құқық қорғау органына хабарламаған.

Лаңкестік топтың қылмыстық ниеті ұлттық қауіпсіздік комитет (ҰҚК) қызметкерлерімен уақтылы әшкереленіп, күдіктілер қамауға алынды. Сот Ф.Ғабдешевті Қылмыстық кодекстің (ҚК) 24-бабы 1-бөлігі-255-бабы 4-бөлігі *(адамдарға, сондай-ақ ұйым ғимаратына шабуыл жасаумен ұштасқан лаңкестік актісін жасауға әзірлену)*, 256-бабы 2-бөлігі *(бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желісін пайдалану арқылы лаңкестікті насихаттау)*, 257-бабы 2-бөлігіне *(лаңкестік топ қызметіне немесе оның жасайтын лаңкестік актісіне қатысу)* сәйкес айыпты деп танылып, ҚК 58-бабы 4-бөлігі негізінде мүлкін тәркілеумен бірге 15 жылға бас бостандығынан айыру жазасын кесті. А.Жантасов ҚК 174-бабы 1-бөлігі (діни араздықты туғызу), 24-бабы 1-бөлігі-255-бабы 4-бөлігі *(адамдарға, сондай-ақ ұйым ғимаратына шабуыл жасаумен ұштасқан лаңкестік актісін жасауға әзірлену)*, 256-бабы 2-бөлігі *(бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желісін пайдалану арқылы лаңкестікті насихаттау)*, 257-бабы 2-бөлігіне *(лаңкестік топ қызметіне немесе оның жасайтын лаңкестік актісіне қатысу)* сәйкес айыпты деп танылып, ҚК 58-бабы 4-бөлігі негізінде мүлкін тәркілеумен бірге 15 жылға бас бостандығынан айырылды. Т.Қисметов, А.Қайырғалиев, М.Бижанов және Н.Арыстанов ҚК 24-бабы 1-бөлігі-255-бабы 4-бөлігі *(адамдарға, сондай-ақ ұйым ғимаратына шабуыл жасаумен ұштасқан лаңкестік актісін жасауға әзірлену)*, 256-бабы 2-бөлігі *(бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы лаңкестікті насихаттау)*, 257-бабы 2-бөлігіне *(лаңкестік топ қызметіне немесе оның жасайтын лаңкестік актісіне қатысу)* сәйкес айыпты деп танылып, ҚК 58-бабы 4-бөлігі негізінде мүлікін тәркілеумен бірге Т.Қисметов 12 жылға, қалған үшеуі 11 жылға бас бостандығынан айырылды. И.Әбекенов пен М.Рахметуллин ҚК 256-бабы 2-бөлігі *(бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы лаңкестікті насихаттау)*, 434-бабына *(дайындалып жатқаны анық белгілі лаңкестік актісі туралы хабарламау)* сәйкес айыпты деп танылып, мүлікін тәркілеумен бірге И.Әбекенов 6 жыл 6 айға, М.Рахметуллин 5 жылға бас бостандықтарынан айырылды.

**Руслан ДОСТАЕВ**

ЖҚ 9
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

**Біздің сұхбат**

# ҚАЗАҚТЫҢ ӘНІ – ҚАЛТАМДАҒЫ ТӨЛҚҰЖАТЫМ!

***«Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»***

***Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ***

## «ҚОЙ БАҒЫП ЖҮРІП ӘЛЕМ КЛАССИКТЕРІН ОҚЫДЫМ»

*«Өз елім менің!*
*Өзегім менің!»...*
*Осы бір рухты әнді қазіргі уақытта көптеген әншінің орындап жүргені белгілі. Дегенмен «келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» деген әдемі мақал бар қазақта. Ал бұл ән ең алғаш бізге Нұрғали*

*Нүсіпжановтың орындауында құлағымызға сіңіп, жүрегімізден орын алды. Жуырда ғана Астанада 80 жылдық мерейтойын атап өтіп, жеке шығармашылық концертін өткізген ерекше талант иесі бүгінде – Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты. Аңыз тұлғаның «Өз елімнен» бөлек, «Саржайлау», «Куә бол», «Мұңайма» сынды көптеген танымал әнін тамылжыта орындайтынын бәріміз білеміз. Ол бабалар мұрасын, аманатын абыроймен атқарып, келесі ұрпаққа жеткізуде. Көптен бері көрінбей кеткен әйгілі әншіге газет оқырмандарының, редакция тарапынан біраз сұрақ жиналып қалыпты. Осылайша, халық әртісіне хабарласып, кездесудің уақытын белгіледік.*

*Нұрғали Нүсіпжанұлы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында болатынын айтты. Жарты сағат ерте барып,оқу ордасына қарай бет алдым. Алдында орналасқан шағын саяжолдан (аллея) өтіп бара жатып, топ-топ болып жиналып отырған жастарды көзім шалып қалды. Бірі домбыра, бірі гитарамен ән шырқап жатыр. Иә, бұл оқу ордасының студенттері басқаша қалай отыруы керек деп қызыға қарадым. Себебі бұл талай өнер жұлдызының шамын жаққан өнер мектебі емес пе?!*

*Халық әртісі мені өнер ордасының алдында қарсы алды. Кабинетіне жетпей жатып, біраз сұрақ қойып үлгердім.*

**Жас қазақ:** Нұрғали Нүсіпжанұлы, сіз туралы «өнер жолына аяқ астынан, қой бағып жүріп келді», – деген сөз бар. Осы қаншалықты рас? Өткен шаққа саяхат жасап, сол бір кезеңді есінізге ала кетсеңіз.

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Өнерге деген әуестігім бала кезімнен басталып, үлкен арманыма айналды. Әнге қызығушылығым мені әрдайым өзіне қарай тартып тұратын. Достар болып жиналып, шығармашылық жайында әңгіме қозғалса, әрқайсысының ойы сан саққа жарылатын. Енді қалыптаса бастаған мен олардың жанында өнердің қыр-сырын білуге тырысып, өз ішімде сансыз сұрақтарыммен алысатынмын. Мектепте өнерпаз әнші бала болдым. Жастар арасында өтетін ауыл, аудандық деңгейдегі жиынға, олимпиада және фестивальға қатысып жүрдім. 10-сыныпты бітіргеннен кейін екі жыл қой бағуыма тура келді. Бірақ сол бақташы болып жүріп, қолымнан кітабымды тастамадым. Біраз әлемдік классик жазушыларды сол кезеңде оқыдым. Ал қазір кітап парақтауға уақыт жоқ.

Бір күні қойды өріске айдап бара жатсам, ферма меңгерушісі бір жігітті жіберді. Облыстан комиссия келіпті. Жастардың тыныс-тіршілігіне, тәрбиесіне мән беріп, өмірге деген көзқарасын біліп, немен айналысып жүр деп тексеру жүргізіп жүр екен. Олар жастардың жұмыс істеп жатқаны рас не өтірік екенін жеке өзінен сұрайтын болған. Ауылымызға келген идеология жағынан жауап беретін облыс хатшысы мен жанында тағы 1-2 комиссия өкілі бар. Бара салысыммен ферма меңгерушісі мені көпіртіп мақтап жатыр. «Қане, бір ән айтшы! – деді. Ұялатын мен жоқ. Ішім сайрап тұр. Сөйтіп, бір жақсы ән айтып бердім. Комиссия мүшесі «молодой человек» – деді. Қоржынымның ішінде кітаптың бір бұрышы томпиып шығып тұр екен. Орысшалап «Мына кітабыңды көруге бола ма?» – деп сұрады. Мен «Әрине, болады» – деп қолына ұсттаттым. Ашып қарап «Сен американдық жазушыларды, шетелдік классиктерді оқисың ба?» – деп таң қалды. Мен кітапханада қандай кітап бар, соның барлығын оқитынымды айттым.

Ол «Алдағы жоспарың қандай? Мына 2 жылдық жұмыстан соң не істейсің? Оқуға барасың ба?» – деп сұрады.

Мен «Алматыда консерватория деген оқу орны бар екен. Мұғалімдерім айтқан. Соған барып «оқысам» деген арманым бар!» – деген жауап қаттым

«Онда Алматыға келсең, маған хабарлас», – деп ол маған телефон нөмірін жазып берді. Арада біраз уақыт өткен соң, Мәскеуде студенттер мен жастар арасында фестиваль өтетіні жайында хабар келіп түсті. Сол сайысқа жолдама алу үшін ауылдық, облыстық байқаудан өттім. Жолдама қол жеткізу үшін Алматыдағы жарыстан да сүрінбей өтуім керек. Онда да бағымды сынадым. Әділқазылар алқасы әншілік қабілетімді бірден байқап, консерваторияға қабылдайтынын айтты. Міне, осылайша армандаған оқуыма қолым жетті. Кейіннен әлгі мені қойшы болып жүрген кезде Алматыға, оқуға түсуге шақырған комиссия мүшесіне қуанышты жаңалығымды жеткізгім келген. Бірақ қырсық шалғанда телефон

нөмірін жоғалтып алып, таба алмадым. Сөйтіп, 5 жылдық оқуды мен 7 жыл дегенде бітіріп шықтым. Өйткені мен де арнайы әншілік білім болмады. Сондықтан екі жыл қосымша оқуыма тура келді. Ары қарай өнердегі өмірім басталып кетті.

### ӨНЕРДІҢ ЖҰЛДЫЗЫ БИІК

**Жас қазақ:** Сіздер өнерге келген сол бір жылдардың ауыр болғанын замандастарыңыз жиі еске алады. Ауыл, аудан аралап концерт беру, жанды дауыспен ән айту деген сияқты өнердің толып жатқан қиындығы туралы айтып жатады. Қазіргі өнерде жүрген бауырқарындастарыңыз өнер деген қасиетті ұрымның жүгін қалай көтеріп жүр? Олар өнерге қаншалықты адал қызмет етуде?

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Аға буын болсын, жастар болсын – барлығы шамасы келгенше, өнерге адал қызмет жасап келеді. Бізге кез келген дүниенің бағыт- бағдарын, айшықты бағасын беріп, шындығын жеткізетін, басқаратын жүйе құру керек деп ойлаймын. Әр адамның өзінің алға қойған мақсат-міндеті бар. Міне, сол бойынша еңбек етуде. Дегенмен де, алдымызда ұсақ емес, ұлы міндет тұруы қажет. Адалдық борышымыз бен аманатымызды дұрыс атқаратын, кез келген мәселеге тура жауап беретіндей қауқарымыз болуы шарт. Қазіргі тыныш заманда бір адам бір ел үшін қызмет жасай алатындай жағдай бар. Құдайға шүкір, ата-бабамыз арман еткен егемендікке қол жеткіздік. Тәуелсіз елде еркін өмір сүріп келеміз. Өнерпаздарымыз да жеткілікті. Өнер ол ұлтымыздың асыл мұрасы. Қазіргі жастарымыз бірінен-бірі өткен алғыр, талантты, дарынды. Кез келген шаруаны тез меңгеріп, игеріп кете алады. Соны елдің пайдасына, болашақ игілігіне тиімді жаратып, бүгінгі шаруаны ертеңге қалдырмауға тиіспіз. Көптеген қандасымыз шетелде қызмет жасап жатыр. Қолда бар алтынның қадірін біліп, елімізде жүрген таланттылардан айырылып қалмауымыз керек. Өнер адамының бойында бір пайыз талант болса, тоқсан тоғыз пайызы еңбекпен келетін дүние. Алла берген талантты еңбек ету арқылы ашу қажет. Жастарға әрдайым осыны айтудан шаршамаймын. Мейлі әнші, мейлі мұғалім болсын, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін аянбай тірлік жасап, маңдай тер төгілуі қажет. Сонда ғана адал еңбек бағаланып, түбі бір су бетіне қалқытып шығарғандай, жұлдызың жанады.

### ӘН – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Қазіргі композиторлардың әнін аздап орындап жүрмін. Өзің жаңа ғана атын атаған авторлар менің көзімді көп дүниеге ашқан жандар. Мен олардың рухын өлтіргім келмейді. Есімдері ешқашан өшпесе екен деймін. Жеке шығармашылық кешімді өткізген сайын солардың әнін айтып жүремін. Көзін көрген, дәмдес болған достарымды қалай ұмытайын. Тірі жүрген мына мен солардың аманатын арқалап жүрмін. Олардың бүгінгі ұрпағына қалдырған әні, еңбегі өлшеусіз құнды дүние. Мәні мен мағынасы келіскен әрбір ән халықтың жүрегінен орын алып отырды. Қаншама қиын кезеңде де ұмытылмай, қазақтың жүрегінде жүріп, бүгінгі күнге жетті. Әрдайым «Қазақтың әні – қалтамдағы төлқұжатым» болды. Шілденің 15-і күні Астанада ЭКСПО-ның құрметіне жеке концерт бердім. Сол күні де осы кісілердің әнін орындадым. Әлі жарыққа шықпаған Мыңжасар Маңғытаевтың жазып қалдырған «Отырар шайқасы» деген операсы бар. Міне, соны елдің есіне салайын деп Венера Алпысбаева екеуміз дуэт болып қосылып орындадық. Бұл концертте бүгінгі композитордан ешкімнің әні жоқ. Өйткені, ол ЭКСПО-ның деңгейінде емес, кішігірім концертте, өзіміздің отырыста орындайтын әндер. Ал кәсіби немесе кәсіби емес деп қазіргі буынды бөліп жармай-ақ қояйын!

### КӨК ТУЫМЫЗДАЙ ЖЕЛБІРЕСЕ...

**Жас қазақ:** «Армансыз адам, қанатсыз құспен тең». Сізді де биікке шығарып, бүгінгі деңгейге жеткізген асқақ арманым деп жатырсыз. Өмір жолыңызда орындалмай қалған арманыңыз бар ма?

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Адамда арман таусылған ба? 25 жыл деген көп те, азда уақыт емес. Дегенмен, тағы бір 50 жылда еліміз одан ары асқақтап, қазақ өнері көк туымыз сияқты желбіреп жүрсе ғой деймін. Ел тамсанатындай халықаралық дәрежеге жетсе деген ізгі тілегім бар. Соған кішкентайда болса, үлесімізді қосып кетсек деген арманым бар. Ең басты мәселе – ұлттық өнеріміздің қадір-

**Жас қазақ:** Репертуарыңыздың негізі халық әнінен тұрады. Жалпы «Халық әндері» – дегенді сіз қалай түсінесіз?

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Өткен ғасырдың ортасы, яғни 1960-70 жылдары қазақ өнерінің бір шоқ үлгілері қалыптасты. Соған бізде аз болса да атсалыстық. Ыстық-суығын басымыздан өткердік. Ендігі мақсат – соны ары қарай дамытып, ұлттық мұрамызды жоғалтып алмай, ұлықтау! Әлі күнге дейін ұлттық иірімді бұрынғының ізімен, үндестігімен орындап жүрген орындаушы баршылық. Ал кейбір әншілеріміз әннің айтылуын құбылтып, өзгеріске ұшыратып та шырқап жатады. Бірақ олардың ғұмыры қысқа. Өнерді күнкөрістің, пайда табудың жолы ретінде ұстанудан алшақ болу керек. Нағыз өнер ол түбі тереңде жатқан – асыл қазына. Бұрынғы халық әншілерінің аманатына қиянат жасамай, жұртқа жеткізу нағыз еңбек. Талант тарланы халықтың сараптамасынан өтіп, жүрегіне жететіндей дәрежеде айта алуы – басты талап. Ол кез келген өнер адамының міндеті. Ары қарай халық өз бағасын береді. Ең алдымен ән – өнер, ол – халық мұрасы. Сондай-ақ кез келген жанның жан тебіренісі, жүрек қалауы, қуану мен құлазуы, жан азығы. Өнерге ешқашан жеңіл-желпі қарауға болмайды. Қалай қабылдасаң, өзінде сол деңгейдегі әнші боласың. Біздің уақыттағы тәртіп, тіпті қатал болатын. Әрбір шығарма халық алдына шығу үшін, үкіметке қабылдану үшін көркемдік кеңестен өтуі керек еді. Ал қазір ондай талап жоқ. Сол себепті де өнерге келушілер тіптен көбейіп кетті.

**Жас қазақ:** Кезінде Нұрғиса Тілендиевтен бастап, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Мыңжасар Маңғытаев сынды дарынды тұлғалармен шығармашылық байланыста болып, солардың әнін шырқадыңыз. Ал қазіргі буын композиторлардан кәсіби деп кімді атай аласыз? Олар сізге өз әнін ұсынса, айтар ма едіңіз?

**Жас қазақ:** Балаларыңыздың ішінде сіздің жолыңызды қуып, өнерде жүргені бар ма?

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Нұргүл деген қызым осыдан 3-4 жыл бұрын Парижде халықаралық байқауға барып, 1-орынды жеңіп келген. Күй сандықта ойнайды. ЭКСПО-ның құрметіне арналған концертімде осы қызым өнер көрсетті. Кенже ұлым Барселонада сурет, қылқалам, кескіндеме өнерін оқиды. Сол ұлымнан күтер үмітім көп. Алла басын аман қылса, қолынан қылқаламы түспесе, әлі талай картинасына куә боласыздар!

**Жас қазақ:** Жуырда еліміздің ұзақмерзімді мәдени саяси тұжырымдамасы қабылданды. Осыған қатысты сіздің ойыңызды білсек.

**Нұрғали Нүсіпжанов:** Бұл өте қажеттіліктен туып отырған жағдай. Жаңғырудың айтылуы, істелетін шаруасы өте көп. Өзінің отанында жүріп, ана тілінде сөйлей алмайтын жастарымыз әлі көп. Тілін білмеген адам өнерін қалай игереді? Тәлім-тәрбие жайында Әл Фараби бабамыздың айтқаны бар. «Тәрбиесіз білім – қауіпті» – деген. Отаның, елің үшін ең алдымен, тәрбиелі болуың қажет. «Өнерді қалай жаңғыртамын, қалай керегіне жараймын?» – деген сауал санаңды шарлап, сен сол жолда әрекет етсең, өз еліңнің қажетіне жарайсың. Ал тек қана ақшаны көздеген көзқарас мүлде дұрыс емес.

«Әлемдегі отыз елдің қатарына кіруіміз керек» – деп жатырмыз. Оны ең алдымен әр адам өзінен бастауы керек. Ол біздің қолымыздан келеді.

**Әңгімелескен**
**Салтанат ШЫРЫНХАН**
*(Фото әншінің жеке мұрағатынан)*